

ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

**КАРАНТИНГЕ ҚАЙТЫП ОРАЛАМЫЗ БА?**

2-БЕТТЕ



ТУРИЗМ

**САЯХАТҚА ҚАЛАЙ ЖАРАТАМЫЗ?**

6-БЕТТЕ



РУХАНИЯТ

**ҚОЛӨНЕР ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ЖАҢҒЫРТАДЫ**

7-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ASTANA AQSHAMY

Оқырманмен бірге! 30 жыл

№70 (4039) | Сейсенбі | 16 маусым 2020 жыл




# ҚАУІПСІЗ ЭКСКУРСИЯ

**Елордада Red Bus автобустарымен шолу экскурсиялары қайта жанданды. Саяхат картасына жаңа бағыт – Есіл өзенінің жағалауы қосылды.**

Red Bus экскурсиялық автобустары салонында қолды тазарту үшін антисептик орнатылған және әр адамға бір реттік құлаққаптар беріледі. Барлық жолаушыларға экскурсия барысында автобус ішінде медициналық бетперде мен қолғап киіп отыруы міндеттеледі.

Red Bus Есіл өзенінің жағалауы, «Хан Шатыр» СОО, «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы, «Нұр әлем» музейі, Ұлттық музей, «Бәйтерек» монументі мен «Ailand» океанариумы аяладамаларына тоқтайды. Экскурсия күн сайын ұйымдастырылады. Жөнелту орны – «Есіл өзенінің жағалауы» аялдамасы, уақыты: 10:00, 12:50, 15:20 және 18:10.

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ,**
**студент**



## ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫҢ ОТБАСЫНА КӨМЕКТЕСЕДІ

Елордада «Бақытты шаңырақ» атты көпсалалы халыққа қызмет көрсету орталығы ашылды. Қайырымдылық мақсатта құрылған ұйымның ашылу рәсіміне Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен қатысып, қордың құрылтайшыларына сәттілік тілеп, алғысын білдірді.

3



«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

**Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Назарбаев Университетінің» түлектері мен профессор-оқытушылар ұжымын 10 жылдық мерейтойымен құттықтады. Бейнеқұттықтауды Елбасының баспасөз хатшысы Айдос Үкібай Twitter-дегі парақшасында жариялады.**

## МЕРЕЙТОЙМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

«Аз ғана уақытта отандық жоғары білім берудің көшбасшысы болған «Назарбаев Университеті» Қазақстанда да сапалы білім алуға болатынын дәлелдеді. Осы жылдар аралығында 5 мыңға жуық адам жоғары оқу орнының түлегі атанды. Олардың бәрі жоғары білікті маман болып шықты. Биыл 1 мыңнан аса түлек академиялық деңгейін дәлелдеді. Түлектердің көпшілігі елімізде және әлемнің үздік оқу орындарында білімін жалғастыруда. Ал қалғандары қазақстандық және шетелдік корпорацияларда жұмыс істейді. Басқа түлектер өздерінің ғылымдағы жаңалығымен, жетістіктерімен тарихтан орын алады» делінген Елбасының құттықтауында.

# САЛҒЫРТТЫҚТАН КАРАНТИНГЕ ҚАЙТЫП ОРАЛУЫМЫЗ МҮМКІН

**Эпидемиологиялық жағдай мен өтініш білдірушілер санының артуын ескере отырып, коронавирустың таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі қалалық шұғыл әрекет ету штабында бірқатар мәселелер қаралды. Бұл туралы елорда әкімі Алтай Көлгінов өзінің Facebook-тегі парақшасында жазды. Төменде қала басшысының мәлімдемесін толық жарияладық.**

«Бірінші. COVID-19 инфекциясын жұқтырғандар үшін қосымша 400 провизорлық орын ашылды. Оның ішінде, стационарлар базасында инфаркт, инсульт, қант диабеті бар (КВИ-ға күдігі бар) адамдарға арналған жеке орындар анықталды. Бұған дейін пневмония мен ОРВИ бар емделушілер үшін жеке корпустар ашылған болатын. Олардың коронавирусқа қосымша тексереді. Бұл инфекцияны ертерек анықтауға мүмкіндік береді.

Екінші. Қалалық және жекеменшік емханалардың бас дәрігерлерімен, стационарлардың, талдау орталықтарының басшыларымен және қаланың бас санитарлық дәрігерімен онлайн-кеңесуден кейін коронавирустың симптомсыз тасымалдаушыларын емдеу үшін телемедицинаға көшу туралы шешім қабылданды. Медицина қызметкерлері бейнеқоңыраулар және басқа да байланыс арналары арқылы тұрғындардың денсаулық жағдайын қадағалайды, коронавирустың симптомсыз тасымалдаушыларына барлық мәселелер бойынша кеңес береді. Науқастарда симптомдар пайда болған жағдайда олар ауруханаға жатқызылады.

Үшінші. Шетелден ұшып келген әуежолаушыларды оқшаулау тәжірибесі жалғасады. «Рамада Плаза» қонақүйінде медстационарға жабдықталған нөмірлер дайындалды. Естеріңізге сала кетейік, 22 наурыздан бастап қалаға кіру және шығу жабылды, қалалық штаб барлық әуежолаушыларын тексеру туралы шешім қабылдады. Бұл қалаға инфекция жұқтырғандарды жібермеуге мүмкіндік берді.

Төртінші. Ұйымдар қызметкерлерді қашықтан жұмыс жасау режиміне барынша көшіруі қажет. Қызметі рұқсат етілген ұйымдар санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың қатаң сақталуын бақылауы керек. COVID-19 жұқтырғандардың жартысы – әртүрлі ұжымдар. Күн сайын әкімдіктің мобильді тобы полиция қызметкерлерімен, санитарлық дәрігерлермен, волонтерлермен бірлесіп рейдтер жүргізіп жатыр. Тәртіп бұзушылық болған жағдайда нысандар жабылады.

Бесінші. Қала тұрғындары санитария нормаларын қатаң сақтауы қажет. Маска киіп (әсіресе адамдар көп жиналатын жерлерде), мүмкіндігінше адам көп жиналатын орындарға бармай, антисептик пайдаланып, арақашықтық сақтаған жөн. Отбасылық жиындар мен қонаққа барудан, үлкен топпен жиналудан бас тарту қажет. Сақтық шараларын сақтай отырып, сіз өзіңізді және жақындарыңызды қауіпсіз ете аласыз. Қалада отбасылық ошақтар тіркеліп отыр, яғни бір отбасының барлық мүшелері індетті жұқтырған.

Қалада (адамдар көп жиналатын жерлерде) инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында тұрақты түрде дезинфекциялық жұмыстар жүргіземіз. Бұдан басқа, емханалар мен ауруханалар аумағында дезинфекциялық тоннельдер мен тепловизорлардың санын көбейтеміз.

Дәрігерлердің айтуынша, науқастардың жағдайы өте ауыр. Өкінішке қарай, тұрғындар медицина қызметкерлері айтып жатқан ережелерді сақтамайды, өзін-өзі емдеумен айналысып, медициналық көмекке дер кезінде жүгінбейді. COVID-19 өздігімен емдеуге болмайды, індет өте қауіпті.

Санитарлық нормаларды сақтамау қатаң карантин режиміне оралуға әкелуі мүмкін».

# ЕСКІ ҮЙЛЕРДЕН – ЖАҢА ПӘТЕРГЕ



**Биыл елордадағы тозығы жеткен үйлерден сегіз жүзден астам адам қоныс аударады. Жақында елорда әкімі сол тұрғындарды көшіретін жаңа тұрғын үй құрылысымен танысу барысында баспана мәселесін шешу үшін бірнеше бағытта жұмыс істеліп жатқанын мәлімдеді.**

– Бұған дейін де тозығы жеткен үйлердің тұрғындарымен кездесіп, олардың ұсыныстары мен тілектерін тыңдадық. Атап айтқанда, Бесшатыр, Алтынсарин, Ағадыр, Янушкевич көшелерінің тұрғындары сүретін үйлерде тұрады. Бұл үйлер қатарында 90 жыл бұрын салынғандары да бар, – деді А.Көлгінов.

Қала әкімі «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту» бағдарламасы аясында биыл 50-ден астам көппәтерлі тұрғын үй кешендері мен 130-дан астам лифті жөнделіп, кейбіреуі ауыстырылатынын жеткізді. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әлеуметтік тұрғын үй құрылысының көлемі ұлғайтылмақ.



**Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығы директоры Дидар Смағұлов ҰБТ-ға дайындық барысы туралы айтып берді.**

# ӨЗ БІЛІМІҢЕ СЕН, ТҮЛЕК!

Ол биыл балалар тек өз біліміне сену керектігін қадап айтты. «Тыйым салынған затты алып кірем деген түлек ҰБТ-ға кіре алмайтынымен қоймай, келесі жылғы тестілеуге де қатыса алмайды. Былтырғы жылға қарағанда, биыл телефон алып кірген балалар саны едәуір азайған. 25 тамызға дейін барлық бейнежазбаны талдап, телефон алып кірген баланың грантын әділ тапсырған түлекке береміз» деп түсіндірді Дидар Смағұлов.

Биыл түлектер ҰБТ тапсыру өтінішін онлайн тіркеді. Олар тестілеуді де қай күні тапсыратынын онлайн біле алады. Ал қай күні тапсыратынын білмейтіндер болса, Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығы директоры Дидар Смағұлов өзіне Instagram парақшасы арқылы шықса, толық жауап беретінін айтты.

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2020 жылғы маусым айының үшінші онкүндігінде жария тыңдаулар өткізіледі. Тақырыбы: «Нұр-Сұлтан қаласы шеткі аймақтарының жағдайы мен болашақта дамуы туралы».

Осы мәселе бойынша ұсыныстарыңыз бен ескертпелеріңіз болса, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты аппаратының мына телефондарына хабарласуларыңызға болады: 55-66-35, 55-66-36 (e-mail: maslihat_org@mail.ru).

**М.ШАЙДАРОВ,**
**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы м.а.**

# ДЕЗИНСЕКЦИЯНЫҢ ҮШІНШІ КЕЗЕҢІ

**Нұр-Сұлтанда маса, шыбын-шіркей және басқа да жәндіктерге қарсы дезинсекция жалғасуда. Таяз су айдындарын мұқият өңдеуге бағытталған дезинфекциялаудың үшінші кезеңі басталды делінген қала әкімдігінің сайтында.**

Биыл дезинсекцияның қамту аумағы ұлғайғаны белгілі. Осылайша, аумақты масадан өңдеу жоспары 20 пайызға және су қоймаларын өңдеу 25 пайызға ұлғайды. Масаларға қарсы 230 миллион шаршы метрден астам аумақ өңделді. Оған энтомологтар мен дезинсекторлар қатысты. Дезинсекция роторлы бүріккіштермен де, машиналармен де екі аусымда жүргізіледі. Дезинфекциялаушылардың жұмысы масаларды толықтай жоюға емес, санын азайтуға бағытталған. Масалармен тиімді күресудің тағы бір маңызды бағыты – мектептер, балабақшалар, денсаулық сақтау орындары, сауда үйлері және т. б. Жұмыс жазғы маусымда жүргізілетін болады.

## АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

### АЛМАТЫ

Шаһарда 1941-1945 жылдары Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан алматылықтардың жалпы мәліметтер базасы іске қосылады. Жеңістің 75 жылдығы аясында Алматы қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті соғысқа қатысушылар туралы бірыңғай мәліметтер базасын жасап жатыр. Оның мақсаты – туған-туыстары мен тарихшыларға және зерттеушілерге жауынгерлерді іздеп табуға көмектесу.

### ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Семейде жазғы лагерьлердің балаларды қабылдауға дайындығы тексеріліп жатыр. Қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты қала сыртындағы жазғы лагерьлер 15 маусымнан келушілерді қабылдай бастайды. Жалпы, 5 лагерь жұмыс істемек. Міндетті түрде медициналық тексерістен өткізілетін балалар өздерімен бірге қажетті гигиеналық құралдарды алып жүруі керек.

### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Сырдария ауданына қарасты Қоғалыкөл ауылының аумағында орналасқан Қышқала қалашығы орнынан көне кесене табылды. Бұл жұмыстар Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесі тарапынан қолға алынып отыр. Қазба жұмыстары Алтын Орданың 750 жылдығы аясында жүзеге асырылуда. Игілікті іс облыстық бюджет есебінен жүргізіледі.

### ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Таразда «Super-Pharm» фармацевтикалық зауыты толық өндірістік қуатына шыққан кезде 600 адамды жұмыспен қамтамасыз етеді. Жамбыл облысындағы аталмыш зауыт 2011 жылдың желтоқсан айында үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында ашылған, бүгінде кәсіпорын отандық медициналық мекемелерді бір реттік өніммен тұрақты қамтамасыз етіп отыр.

### ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Өңірде 313 заңсыз қоқыс полигоны бар. Жақында «Ғарыш сапары» ҰК АҚ жерсеріктік жүйесі арқылы Қостанай облысында қоқыс қалдықтарын рұқсатсыз орналастырған 313 учаске анықталды. Қазіргі уақытта оның 155 алқабы жойылды. Қалған 158 қоқыс полигонын жою туралы жергілікті атқарушы органдарға тапсырма берілді.

# ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫҢ ОТБАСЫНА КӨМЕКТЕСЕДІ

Аманғали **ҚАЛЖАНОВ**

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

– «Бақытты шаңырақ» атты қорымыз ерекше қажеттілігі бар балалар тәрбиеленетін отбасыларға көмек көрсетеді. Қор мүгедек бала тәрбиелеп жатқан отбасыларды барынша қолдау мақсатында құрылды. Біз қордың екінші құрылтайшысы әрі төрайымы Пернеш Әбдікәрімовамен бірге бұл туралы ұзақ ойланып, осындай қор құру туралы шешімге келдік және отбасылардың бүкіл мүшелеріне жан-жақты көмек көрсетеміз деп шештік, – дейді Ботагөз Сұлтанова. Оның айтуынша, елорда әкімдігі олардың бұл шешімін қолдап, бүкіл ұйымдастыру жұмыстарын шешуге көмектесті.

– Біз әкімдікке, соның ішінде қала әкімі Алтай Көлгіновке ғимарат пен керек қондырғыларды алу үшін өтінішпен шықтық. Ол өтінішімізді бірден қолдап, бізге 70 шаршы метрлік тұрғын жай беріліп, онда жөндеу жасалды, қондырғылар сатып алынды, – дейді қор құрылтайшысы.

«Бақытты шаңырақ» орталығы әртүрлі сала бойынша кең көлемде қызмет көрсетеді.



– Орталығымызда 13 әйел жұмыспен қамтылады. Бұл – 4 тігінші, 4 массажист, педикюр, маникюр шеберлері. Сондай-ақ полиграфия, шаштараз ашамыз. Онда ерекше қажеттілігі бар бала туғанға дейін өз мамандығы бойынша жұмыс істеген әйелдер еңбек етеді. Сондықтан оларға жеке кәсіппен айналысуға мүмкіндік туғызу үшін осындай орталық аштық. Командамыз ауызбірлікте жұмыс істейді, – деп түйіндеді Ботагөз Сұлтанова.

Орталық А.Иманов көшесіндегі 44-үйде орналасқан.

# ӨМІРШЕҢ ЖОБАЛАР ҚАРАЛДЫ

**Елордада осы күні 245 мыңнан аса жас азамат өмір сүріп жатыр. Олардың 90 мыңға жуығы – студенттер. Қалалық мәслихатта «Депутат күні» аясында Нұр-Сұлтан қаласы аумағында жастар саясатын іске асыру мәселелері талқыланды. Тиісті мәселе бойынша қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Дәулет Кәрібек баяндама жасады.**

Оның айтуынша, елордада жастармен жұмыс істеуге, соның ішінде жастардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге бағытталған өңірлік «Жол картасы» іске асырылуда. Мүмкіндігі шектеулі жастарға арналған жобалар жоспарланды. Соның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердің түлектерін интернаттан кейінгі қолдау және бейімдеу іс-шаралар кешенінің жобасы, т. б. шаралар бар.

Депутаттар өз тарапынан елорда аумағында жастар саясатын іске асыруға қатысты ұсыныстар айтты. Соның ішінде бас қала жастарының өмір сүру сапасын жақсартуға қатысты ойларымен бөлісті.

# ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ЖӘРДЕМ

**Жазғы демалыс кезінде елордалық 16-18 жастағы оқушылар мен студенттер жұмыс істеп, табыс таба алады. «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ демалыс кезеңінде «Қоғамдық жұмыстар» бағдарламасын ұйымдастырады.**




Жұмыспен қамту орталығының Бейбітшілік көшесі, 25-үйдегі ғимаратына балалар ата-анасымен бірге келіп, құжаттар тапсыруы керек. Қалалық жасөспірімдер өздерімен бірге жеке куәлігін, каникулдардың басталу және аяқталу күнін көрсете отырып, оқу орнының оқу процесінен тыс қоғамдық жұмыстарға қатысуға жазбаша келісімін ала келуі қажет. Сонымен қатар 18 жасқа толмағандардың ата-анасының біреуінің не заңды өкілдерінің жазбаша, яғни аталған жұмыс баланың денсаулығына зиянын келтірмейтіндігі туралы келісімі болуы тиіс. Жұмыспен қамту орталығында жазбаша келісімге қол қою барысында ата-анасының біреуі болуы қажет.

Орталық мамандарының берген мәліметтері бойынша жасөспірімдер, негізінен, төтенше жағдайлар мекемелерінің рейдтік түсіндіру жұмыстарына араласады. Күніне 4 сағат жұмыс істей отырып, олардың 42500 теңге жалақы алуға мүмкіндігі бар.

### ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Бірыңғай байланыс орталығы Павлодар қаласында биылғы наурыз айында жұмыс істей бастаған болатын. Енді шұғыл желіге Екібастұз және Ақсу қалаларының тұрғындары қоңырау шала алады. Аталмыш орталық телефон арқылы тұрғын үй-коммуналдық сипаттағы және өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған мәселелер бойынша өтініштерді, шағымдарды, ұсыныстарды қабылдайды.

### АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Целиноград ауданының Максимовка ауылындағы «Samhat» ЖШС аяқ киім фабрикасы отандық жеңіл өнеркәсіп саласының дамуына үлес қосып келеді. Соңғы жылдары кәсіпорынның аяқ киім өнімдеріне сұраныс артқан. Аяқ киім өндірісінде он жылдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорын осы уақыттың ішінде отандық нарықта өзінің орнын тауып, шетел нарығын бағындыруда.

### АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Өңірде балық қорын пайдаланушылардан бюджетке 121 млн теңгеден астам қаржы түсті. Көктемгі балық аулау маусымында 6492 тонна балық ауланған. Оның ішінде Атыраудағы бекіре шабағын өсіретін екі зауыт үшін 289 бағалы балық бар. Бұлар – салмағы 148 кг аналық қортпа, 15 бекіре, 252 шоқыр мен 21 сүйрік.

*Беттегі суреттер ғаламтордан алынды*

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ




### ІНДЕТ ҚАЙТА ӨРШИ МЕ?

**Қытайдың ұлттық денсаулық сақтау комиссиясы 14 маусымда елде 59 жаңа науқас анықталғанын хабарлады. Бұл – соңғы екі ай ішінде бір күнде тіркелген ең жоғары көрсеткіш.**

Жағдайдың күрт ушығуына байланысты Бейжіңнің індет тараған аумағында коменданттық сағат енгізілді. 80 мыңға жуық адам COVID-19-ға тест тапсырды. Соңғы мәлімет бойынша әлемде індет жұқтырғандар 7,9 млн-нан асты, 433 мың адам қайтыс болды. Ал елімізде 14809 адам індет жұқтырып, 77 адам қайтыс болды.



### ТҮРКИЯ ШАБУЫЛ ЖАСАДЫ

**Түркия Ирактың солтүстігінде жаңа антитеррорлық операция бастап, Күрдістан жұмысшылар партиясы лаңкестерінің нысандарына соққы береді.**

Түркия президенті Реджеп Тайип Ердоған 1984 жылдан бастап 2020 жылдың наурызына дейін осы Күрдістан жұмысшылар партиясынан Түркияның қауіпсіздік күштерінің 7500 қызметкері мен 6800 бейбіт тұрғын қаза болғанын мәлімдеді. АҚШ пен Еуропалық Одақ РКК-ны террористік ұйымдардың тізіміне енгізген.



### АҚШ-та ТАҒЫ ТОЛҚУ БОЛА МА?

**Атланта қаласында полицияның қолынан тағы бір афроамерикалықтың көз жұмуы жаппай ереуілді өршіте түсті. Наразы жұрт көшеге шығып, қайғылы оқиғаға себеп болған мейрамхананы өртеп жіберді.**

Өткен жұма күні осы Wendy's мейрамханасының өкілдері қоңырау шалып, ғимаратқа кіретін жолды бір көлік бөгеп тұрғанын жеткізеді. Тәртіп сақшылары келгенде көлікте ұйықтап қалған мас жүргізушіні көреді. Алайда 27 жастағы Ричард Брукс полицейлерге берілмей қолына электрошокер алып, қашуға тырысқан. Осы сәтте полицейлердің бірі оған қару қолданған. Оқиғадан кейін полиция басшысы қызметінен бас тартты. Қала мэрі болса «тәртіп сақшысының әрекетін дұрыс» деп отыр.

Қалиакбар **ҮСЕМХАНҰЛЫ**

# КАРАНТИНДЕ КӘСІБІМДІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТТІМ?

**Жалпақ әлемді ғана емес, елімізді де алаңдатқан ауыр індет адам өмірін біраз өзге арнаға бұрды. Карантин кезінде кейбір мамандар қызметімен қоштасып, Үкімет берген 42500 теңгеге жан бақса, керісінше, бұл жағдайға жылдам бейімделіп, табыстылардың қатарын толықтырғандар да бар. Қалай айтса да, қашықтан жұмыс істегендер қаражат жағынан қиналмаса да, оңай болмағаны анық. Жалпы, осы қысылтаяң шақта адамдар не істеді, дағдарысты қалай еңсерді деген оймен бірқатар сала мамандарының пікірін білген едік. Сауалнамаға әртүрлі саланың кәсіп иелері қатысты.**

**Абай МАҒЗҰМ, сатушы:**



– Карантинге дейін фаст-фуд сатумен айналыстым. Төтенше жағдай енгізілгеннен кейін жұмыссыз қалып, күн көру үшін тамақ тасуды кәсіп қылдым. Қоғамдық тамақтану саласында жұмыс істегендердің көбісі табыссыз қалды. Мен де жұмыссыздардың қатарына қосылдым. Содан тамақ жеткізу қызметіне келдім. Әрине, басында оңай болмады. Бірақ үйреніп алған соң, ұнады. Бұрын бір жерде тұрып, тамақ сатсақ, қазір оны қала бойынша тарату қажет. Бірде велосипедпен, бірде жаяу жүремін. Қазір жұмысқа бейімделіп қалдым. Карантинде көбі үйінде отырған соң, тамаққа тапсырыс артты. Сұраныс барда, жұмыс істеп қалу керек. Екі айдағы таза табысым – 240000 теңге, көңілімнен шығады. Бірақ колледжде аудармашы мамандығын меңгергенмін. Болашақта білімімді шыңдап, дипломмен жұмысқа кіргім келеді.

**Тілек ТІЛЕУБЕРДІ, аяқ киім шебері:**



– Карантинге дейін күніне 4-5 мың теңге түсетін. Кіріс айына – 100 мың, кейде 150 мың шамасында. Жалдап отырған жұмыс орныма соның 60 мыңын төлеймін. Ай сайынғы таза табысым 80-90 мыңға жуық. Ал карантин уақытында жұмыссыздар қатарын толықтырдым. Төтенше жағдай аяқталған соң, жұмысқа кірістім. Бүгінде 2-3 мың теңге ғана табыс түседі, оның өзі екі күнде бір рет. Өте аз, шығынымды өтемейді, жоқтан бар әйтеуір.

**Жанар АБДРАХМАНОВА, даяшы:**



– Төтенше жағдайға дейін Нұр-Сұлтан қаласындағы 5 жұлдызды мейрамханаларда даяшы болып қызмет атқардым.Табысым сағатына – 700 теңге, 12 сағатқа 8400 теңге еді. Сонымен қатар, қонақтардың сапалы қызмет үшін қалдыратын шайпұлы бар. Айлық жалақым 150000 теңгеден кем болмайтын.

Ал карантинде курьер болдым. Жеткізіп салу қызметінде бір аптаның ішінде тапқан табысым – 15000 теңге. Сырттай оңай болып көрінгенмен, өз басым ауыр жұмыс екенін түсіндім. Қалай болса да, тапсырысты діттеген жерге дер кезінде жеткізуің керек. Бір аптадан артық істегенім жоқ. Қазіргі таңда даяшылыққа қайта оралдым. Пандемия маған үнемдеуді, табандылық пен жан-жақтылықты үйретті. Дегенмен коронавирустың қайта өршімеуіне ешкім кепілдік бермейді. Сондықтан алдағы айдан бастап табысымның 3/1 бөлігін жинау жоспарда бар.

**Елдос ӘЛІМБЕКОВ, кәсіпкер:**



– Кішігірім оқу орталығым бар, қазір аты ғана қалды. Карантинге дейін орталықта 30 оқушы оқыды. Олар 35 мыңнан 4 пәнге төлейді. Содан айына – 1050000 теңге. Оның 450 мыңы мұғалімдердің жалақысына жұмсалады. Жалдап отырған орынға – 300 мың, ал өзіме 200 мыңдай табыс түсетін. Төтенше жағдай орын алғанда 20 оқушыдан айырылдық, өйткені ютуб, әлеуметтік желілерде тегін сабақтар қаптап кетті. 10 оқушыға онлай сабақ беруге көштік. Оқу ақысын жеңілдетуге тура келді. 20 мыңнан 4 пәнге төледі. 140 мыңы – мұғалімдердің жалақысы. Қазіргі таза табысым 60 мың теңгені құрайды.

Әріптестеріме де ауыр тиді деп айта алмаймын. Өйткені дәл сол кезеңде табысқа кенелген таныстарым жетерлік. Онлайн білім беру кезінде сапаға жауап беру қиын. Сол үшін, онлайн оқыту жүйесіне аса қатты бет бұрмадым. Тек биылғы мектеп түлектерін жарты жолдан қалдырмайық деп, ҰБТ-ға дейін онлайн оқытудамыз. Олар болмағанда оқу орталығы жабылатын еді. Араға 2-3 ай салып жаңа оқу жылында іске қайта кірісеміз. Егер қыркүйекте коронавирус қайта өршісе, онда кәсібім құрдымға кетеді, өкінішке қарай.

**Балабек САҚТАҒАНОВ, психология ғылымдарының докторы:**



– Карантинде күйзеліске түскен, ішімдікке салынып, тіпті суицидке дейін барған адамдармен онлайн жұмыс жасадым. Қызмет құнын көтергенім жоқ, 8 мың теңгенің шамасында. Отбасындағы ұрыс-керіс мәселесі, бір-біріне көңіл толмау мәселесімен көп хабарласты. Телефоныма дамыл болмады десем де болады. Тіпті 42500 теңге жәрдемақыны ала алмағандары үшін өмірден түңіліп кете жаздағандар болды.

Қолдан келгенше көмектесуге тырыстым. Екі күнде бір рет сағат 22:00 мен 23:00 аралығында инстаграм желісінен тікелей эфирге шығып отырдым. Жалпы, қашықтан жұмыс жасадым. Тұрақты жұмысымнан түсетін табыс бар. Ақшаның соңына шам алып түскенім жоқ, сын сағатта, мұқтаж адамдарға дұрыс жол көрсету – менің міндетім.

**Наргүл ИСИНА, шаштараз:**



– Төтенше жағдай орын алғанға дейін күніне аз дегенде 10-15 мың теңге табыс түсіп отырды. Ал карантинде жұмысымыз тоқтады. Сәйкесінше табыссыз қалдым. 42500 теңгемен күн көрдім. Жұмыс істеуге рұқсат берген күні ғана сұраныс артты. Ал қазіргі таңда бұрынғыдай емес. Күніне 2-3 адамға ғана қызмет көрсетудеміз. Аптасына 35 мыңға жуық қаражат тауып отырмын. Карантинге дейінгі табысыммен салыстырсам, біршама аз.

**Ильмира ДҮЙСЕНОВА, ХҚКО маманы:**



– Карантинде біз қашықтан қызмет көрсеттік, жұмысымыз біраз ауырлады. Десе де, пайдасы да бар. Тұрғындар egov порталында жұмыс істеуді үйреніп алды. Қанша жылдан бері үйрене алмай жүр еді, әлеуметтік көмектің арқасы ғой. Табысым сол күйінде, өзгерген жоқ. Карантинге дейін қалай болса, карантинде де солай 100% жалақы алып отырдым. Қазіргі таңда, жұмысымыз біршама жеңілдеді. Себебі бұрын ХҚКО-на қашан барсаңыз да, ұзын-сонар кезек болатын. Қазір карантиннің арқасында қызметіміздің көбі онлайн. Орталықта артық адам жоқ.

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ, студент**

## АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

**Соңғы кездері елімізде індет қайта өршіп барады. Денсаулық саласының мамандары «елімізде індеттің екінші толқыны келді» деп дабыл қағып, жұртты санитарлық талаптарды сақтауға шақырғанмен, оған құлақ асып жатқан жұрт шамалы. Есесіне «Қазақстанда вирус тарады деген өтірік», «бұл біртүрлі саясат», «вирус бар деп халықты қамау да биліктің ойыны», «карантин бітті, енді қорқып керегі жоқ» деп бойды кеңге салып жүргендер көп.**

# БЕЙҒАМДЫҚ ЖАРҒА ЖЫҚПАСЫН



Қалиакбар **ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Індеттен сақтанудың жалғыз жолы карантин талаптарын күшейтіп, комендантты сағат енгізу емес. Халық болып, санитарлық талаптарды орындап, беттұмша тағып, ара қашықтықты сақтап та індеттің алдын алуға болады. Өкінерлігі, отандастарымыз бұған мүлде селқос қарайды. Беттұмша тағуды, аралық сақтауды өзінің денсаулығын қорғаудың кепілі емес, әншейін қоғамдық тәртіптің талаптарын орындау деп түсінеді. Сосын да беттұмшаны 2-3 сағатта бір ауыстырып тағу былай тұрсын, жұмарлап қалтаға салып қояды да, оны дүкендерге, мекеме орындарына кірерде есіктегі тексерушілерге көрсететін «бет жүздік» ретінде пайдаланады. «Беттұмшаң бар ма» десе, «бар» деп жұмарлап қалтасынан алып шығады. Қоғамдық көліктерде – осындай жағдай. Көлікке отырарда бір көрсетіп, көлікке мінгеннен кейін алып қояды немесе тамағының астына түсіріп қояды. Мұны қалай түсінуге болады? Беттұмшаны, сірә, кім үшін тағып жүрміз?!

Шынын айтқанда, халықтың беттұмша тағуға бейжай қарауына біздің Денсаулық сақтау министрлігінің де кінәсі бар. Себебі әлемде індет тарап жатқанда, беттұмшаның шетел асып, сатылып кетуінің ертерек алдын алмады да, елімізде беттұмша тапшылығы туылды. Бастапқыда Қазақстанның барлық өңірінде жұрт беттұмша таппай қиналса, кейін 20 теңгелік беттұмша 300 теңгеге дейін көтерілді. Беттұмша таппаған жұрт матадан, марлядан беттұмша тігіп киді. Ал ол беттұмшалардың сапасы қандай, індеттен қорғай ала ма дегенді қадағалап жатқан ешкім жоқ. Керісінше, «сасқан үйрек артымен сүңгиді» дегендей, бүкіл әлем беттұмша тағуды міндеттеп жатқанда, біздің Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері «дені сау адамдардың маска тағуының қажеті жоқ» деп жар салды. Кейін Мемлекет басшысы беттұмша тақпай жүрген журналистерді мысалға алып, мұның дұрыс еместігін айтқан соң барып, үндері өшті. Ал қазір енді жұрттан беттұмша тағуды талап етіп әлек...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 21 наурыз күні «қалаларымыздың негізгі көшелерінде маскалар азаматтарға тегін таратылуы тиіс» деген еді. Бұл сөз де сол айтылған жерінде қалды. Тегін таратпаса да, нарықтағы беттұмшаның бағасын бұрынғы 20 теңгеге түсіруге мүмкіндік бар еді. Бірақ қазірше ол мәселені ешкім ескерген жоқ. Қандай дәріханаға кірің, ең сапасыз беттұмшаның өзі – 80 теңге. Тіпті көп жерлерде 120 теңгеден төмен бағада беттұмша таба алмайсыз. Ал ол беттұмшалар вирустан қорғай ала ма? Жұрттың маска таппағанда матадан тігіп алған беттұмшалары медициналық талаптарға сай келе ме? Бұл да денсаулық сақтау салаларының қадағалайтын жұмысы еді. Одан да қайран жоқ. Ал індет болса, індетін келеді. Жұрт та індет бар дегені өтірік деп бейғам жүр...

Соңғы дерек бойынша Қазақстанда 14809 адам індет жұқтырып, 77 адам көз жұмды және бұл сан күн сайын көбейіп келеді...

# САЛАДА СЕРПІЛІС БАР

**Елордадағы халық өмірінің орташа ұзақтығы 1,5 жылға ұзарған. Мәселен, 2016 жылы бұл көрсеткіш 75,3 жыл болса, былтыр ол 76,7 жылға артқан. 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру және қала әкімдігі тарапынан материалдық-техникалық жабдықтау, жаңа құрылыстар мен жөндеу жүргізу жұмыстарының қолдау табуының арқасында сала тынысы жылдан жылға жақсарып келеді. Мәселен, соңғы бір жыл ішінде байқалған оң өзгерістердің бірі – медициналық көмектің амбулаторлық-емханалық қызмет деңгейінде кеңейтілгендігі.**



Райхан **РАХМЕТОВА**

Нұр-Сұлтан қаласында жалпы өлім саны 12,3%-ға азайған. Халық денсаулығын айқындаушы маңызды көрсеткіштерге жататын қан айналым ауруларынан болатын өлім – 23,2%-ға, қауіпті дерттерден қайтыс болатындар – 13,2%-ға, ана өлімі – 2-3 есеге, бала өлімі – 12,1%-ға, өкпе қабынуынан ажал құшатындар 1,6%-ға кеміді.

Қалада қазіргі таңда шамамен 3 мыңға жуық дәрігер мен 6 мыңдай медбике бар. Қоғамның көп саласына тән кадрлық қысқартулар мен оңтайландыру мәселесі мұнда жоқ. Себебі онсыз да медицина мамандары тапшылық етеді. Өз еріктерімен жұмыстан кететіндердің басқа өңірге көшуіне немесе республикалық емдеу орындарына, әлде жеке клиникаларға ауысуына байланысты себептері болады. Былтыр қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына қарасты емдеу мекемелерінен 295 дәрігер жұмыстан шығып кеткен болса, олардың орнына 345 дәрігер келген. Медицина саласына кадрлар тарту және тұрақтандыру үшін қалалық әкімдік бірқатар шаралар қабылдап, Жол картасын бекіткен. 2018 жылы әкімдік тарапынан сала қызметкерлеріне 18 пәтер берілді. 2018-2019 жылдары тұрғын үй сертификаты бағдарламасы аясында әрбір медициналық қызметкерге тұрғын үй алуға бастапқы жарна ретінде 1 млн теңгенің сертификаты табысталды. Қазіргі таңда 4 ауданда және Ильинка тұрғын алабында медицина мамандарына арналған жатақхана салу жоспарда бар. Былтырдан бері шағын отбасыларға арналған тұрғын үйлер салынуда. Одан бөлек мекеме басшылығы тарапынан қызметкерлерге қосымша үстемақы беру, ішінара жалдамалы пәтер ақысын төлеу, екі айлық көлемінде бонустық жалақы тағайындау, көліктік карталар үлестіру сынды әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

Медицина қызметкерлерінің жалақысы жыл сайын өсіп отыр, биыл ол 30%-ға көбейтілді. Бүгінгі таңда дәрігерлердің орташа айлығы 245 мың теңге болса, ортаңқол медицина мамандарының жалақысы – 137 мың теңге. Ал еңбек өтілі көп, өте тәжірибелі дәрігерлер 550 мың теңгеге дейін алады.

Елорданың көші-қон жағдайы тұрақты емес, қаладағы жыл сайынғы өсім 50-60 мың адамды құрайды. Сондықтан медициналық инфрақұрылым ұдайы дамытуды қажет етеді. Бұл мәселе медицина саласында қосымша ұйымдар ашу арқылы шешілуде. Осы мақсатта 2018 жылдан бастап «Үй жанындағы дәрігер» жобасы іске қосылды. Мұндай шағын орталықтар әр тұрғын үйдің 1 қабатында орналастырылады. 2018-2019 жылдары бастапқы медициналық, амбулаториялық қызмет көрсететін сондай 18 нысан ашылды. Оның 15-і жеке инвестиция күшімен құрылған.

# УЛЫ АУА ЖҰТЫП ЖҮРЕ БЕРЕМІЗ БЕ?

**«Нұрлы жол» теміржол вокзалы төңірегіндегі «Астана сәні» тұрғын үй кешенінде тұрып жатқанымызға екі жылдай болды. Нақты мекенжайымыз – Ахмет Байтұрсынұлы көшесіндегі 53-үй. Қала әкімдігі жариялаған мәліметтерге қарағанда, алдағы уақытта қарқынды дамитын аудандардың бірі осы аймақ көрінеді. Құба-құп. Қуаныштымыз. Құдайға шүкір, бос жатқан жер көп. Толық мүмкіндік бар. Қарамыз көбейіп, байланыс жақсарып, инфрақұрылым дамып, мектептер мен балабақшалар ашылып, бағдарлы көліктер көбейіп жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Тек...**

Дәл қасымызда «Промышленный» тұрғын алабы орналасқан. Силикат кірпіш зауытының улы ауасы төзімімізді түгесіп, тынысымызды тарылтты. Рас, бір кезде бұл аймақ қала сырты болған шығар. Бірақ қазір жағдай басқа. Айнала талай тұрғын үй салынды, алда әлі қаншасы салынады. Біраз уақыт қойғандай болып еді, у құсуын қайта бастады. Әсіресе, желсіз күндері тыныс алу тіпті мүмкін емес.

Қала – жастардың қаласы. Қала берді, астана... Аула толы қара домалақ бала. Қарасаң, көз сүйсінеді. Бәріміз мұнда солар үшін келдік. Ұрпағымыз дұрыс білім алсын, заман көшінен қалмасын деп... Және солар үшін өмір сүріп жүрміз. Ал олардың жұтқан ауасы – мынау!.. Ертеңгі күні денсаулығы қандай болады?!

Тоқтала кетер жайт, зауыт көбіне түнде жұмыс істей ме, күндіз айтарлықтай ештеңе байқалмайды. Есесіне, қараңғылық түсе қолқа қабар иіс жайлайды. Иіс болғанда да, сондай бір жағымсыз – улы иіс. Айтсаң – аузың жазықты, айтпасаң...

Түсінеміз, қауырт тірлік көп, мәселе – шаш етектен. Ақыры ақылдаса келе, улы ауа жұтып отыра береміз бе, тиісті орындарға тағы бір ескертейік деп шештік.

**Тұрмағанбет КЕНЖЕБАЕВ,**
**ақын,**
**Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі**



**Жыл сайын біздің тұрғындарымыздың арасында жұмсақ балмұздақ үлкен сұранысқа ие болып жатады. Балмұздақ – тез бұзылатын өнім, онда бактериялар тез дамиды, әсіресе жұмсақ болса, мұндай балмұздақ бірден қолданылуы керек. Бұрын кафеде балмұздақ болатын. Мұндай балмұздақты тұтыну қорқынышты емес еді. Жабық нысанда тұтыну қауіпсіз болды. Қазір бұл балмұздақ көшеде сатылады, бұл талаптарға сай келмейді.**

# БАЛМҰЗДАҚТЫ БАЙҚАП ЖЕҢІЗ!

Қоспаның қайда және қандай жағдайларда дайындалғаны белгісіз. Барлық гигиеналық талаптар сақталған ба? Сондықтан мұндай балмұздақтан бас тарту керек, әсіресе балаларға алмау керек. Аппараттағы қоспа тәуліктеп тұрмауы тиіс, әрбір май құю алдында аппарат өңделуі тиіс. Егер сіз көшеде жүрсеңіз және сіз қандай да бір тағам өнімін тұтынғыңыз келсе, қолыңызда қанша микробтар бар екендігін және олар асқазанға түсетінін ойлаңыз.

Сатып алушылар фризерде дайындалған балмұздақ балғын, сондай-ақ сыртқы түрі әдемі деп санайды. Алайда сатып алушылар балмұздақ құйылған вафельді стақан бірнеше минут бұрын ашық жерде қорапта тұрғанына мән бермейді.

Аппараттарды өңдеу көбінесе жүргізілмейді, балмұздақ жуылмаған қолмен сатылады, өйткені қарапайым жағдайлар - су, жуғыш құралдар жоқ.

Бұл бұзушылықтар қасықпен салынатын балмұздақты сатқанда да анықталады, сондай-ақ көшеде балмұздаққа арналған қасық қандай жағдайда өңделетіні белгісіз... ол әсіресе лас суда сақталмауы тиіс, мысалы, бірнеше жыл бұрын фонтанда «балмұздаққа арналған қасықтарды жуу» фактісі орын алған болатын.

Департамент балмұздақ сынамаларын зертханалық зерттеулерге алып, балмұздақты сату бойынша сауда орындарына жоспардан тыс тексеру жүргізген кезде сараптама қорытындысы бойынша балмұздақ сынамасынан ішек таяқшалары табылған еді және тексеру нәтижесі бойынша балмұздақ дайындау цехтарының болмауы, өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжаттары, сатушылардың медициналық кітапшалары, дезинфекциялау құралдары, жабдықтарды өңдеу жағдайы жоқтығы сияқты бірқатар өрескел бұзушылықтар анықталды.

Жылдың жаз мезгілінде жаппай тамақтан улану және ішек инфекцияларының өршуінің алдын алу мақсатында, кәсіпкерлік субъектілері арасында аудандық әкімдіктермен, полиция департаментімен және басқа да ведомстволармен бірлесіп, осындай саудаға жол бермеу бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Тағамнан уланудың алдын алу мақсатында тұрғындарға балмұздақ сатып аларда бірнеше назар аударатын кеңестерді ұсынамыз:

– бұл ең алдымен заңсыз орындарында жұмсақ балмұздақты сатып алудан бас тарту, әсіресе балаларға ешқашан бермеңіз. Егер осындай балмұздақты қаласаңыз, ол дайындалатын және сол жерде сатылатын дәмханаға барыңыз;

– қала көшелерінде және күмәнді сауда орындарында «өлшегіш» қасықпен сатылатын балмұздақты алмаңыз, себебі ол көбінесе мерзімі өтіп кеткен өнім болуы мүмкін..

– жалған өнімге ұрынбау үшін орамаға назар аударыңыз. Онда келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс: өндіруші атауы, таза салмағы, стандарт белгісі, өнімнің дайындалған күні және оның жарамдылық мерзімі, құрамы. Ашық түсті, сары немесе қызғылт балмұздақты сатып алмау керек. Олар астыртын цехтарда дайындалған және құрамында зиянды бояғыштардың бар болуы әбден мүмкін;

– формасы бұзылған балмұздақты сатып алмаңыз. Бұл дегеніміз, ол бірнеше рет ерітілген болуы мүмкін, бұл кезде өнімде микробтардың жаппай көбеюіне жағдай жасалады;

– егер сіз балмұздақ сатып алсаңыз, балмұздаққа арналған қасықты жууға қандай жағдай бар екеніне назар аударыңыз;

– сүйікті балмұздақты әсіресе көшеде қолданар алдында, қолдарыңызды бактерияға қарсы салфеткалармен сүрту керек, ал егер оларды жууға мүмкіндік болмаса, қолды антисептикпен өңдеу керек;

– сонымен қатар, сатушылардың сыртқы түріне назар аударыңыз, олар таза және ұқыпты түрде арнайы киім мен бас киім, бір рет қолданылатын қолғаптар киюі керек және ақша ұстаған қолымен өңдеусіз тағам өнімін сатпауы тиіс;

– сондай-ақ сіз сатушыдан медициналық кітапшасын және өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжаттарды талап етуге құқылысыз.

Өнімді «күмәнді» сауда орындарынан, әсіресе балаларыңыз үшін сатып аларда Сіз олардың «өмірі мен денсаулығына қауіп төндіріп тұрған жоқпын ба?» деп ойланыңыз...

**Айнұр ДӘУЛЕТБАЕВА,**
**Нұр-Сұлтан қаласы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің бөлім басшысы**

№70 (4039) 16 маусым 2020 жыл ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

**COVID-19 індеті әлемдік туризм саласын да тұралатып кетті. Қазіргі таңда туризм әлем елдерінің экономикасын дамытудағы аса маңызды сала болғандықтан, көп ел ішкі туризмді дамытуға мүдделі. Алайда індеттің әлі күнге дейін толық ауыздықталмауы көп елдің сыртқы туризмін ғана емес, ішкі туризмін жандандыруға да мүмкіндік бермей отыр. Бұл қатарда Қазақстан да бар.**









# ҚАЗАҚ ЖЕРІН САЯХАТҚА ҚАЛАЙ ЖАРАТАМЫЗ?

Қазақстанда туризмді дамыту 30 жылдан бері айтылып келеді. Алайда ішкі және сыртқы туризмді көңіл көншітерлік деңгейде дамыта алғанымыз жоқ. Қазақстанда туризмнің барлық түрін (танымдық, ойын-сауық, этника, экология, сауықтыру, спорттық, аң аулау, балық аулау, серуендеу) дамытуға қажетті шарт-жағдай толық. Географиялық және климаттық жақтан алып айтсақ, Қазақстанның оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс өңірлерінің табиғаты, ауа райы бір-бірінен өзгеше. Бірақ осы мүмкіндікті толық пайдалана алмай отырмыз да, жыл сайын көптеген отандасымыз шетелге барып демалуды әдетке айналдырған.

### ІШКІ ТУРИЗМ ЖАНДАНАТЫН ЖЫЛ

«Жығылғанға жұдырық» дегендей, биылғы індет онсыз да әлсіз туризм саласын тағы да тұйыққа тіреді. Мамыр айлары туа салысымен саудасы жандана бастайтын Алакөл, Бурабай сияқты саяхат орындары маусымның басына дейін жабық жатты. Дегенмен еліміздің туризмді басқару салалары биыл ішкі туризмді дамытып, туристік орындардың тым құрығанда шығынын өтеуге тырысып жатыр. Себебі биыл ішкі туризмді жандандырудан үміт зор. Өйткені биылғыдай індет тарап жатқан мезгілде ешкім шетел асып саяхаттай қоймайды. Жыл бұрын жоспарлап, ай бұрын тапсырыс беретін шетел туристік орындарына бірер күнде аттанып кетуге мүмкіндік те аз. Індетке байланысты көп елдің шекарасы әлі жабық жатыр. Мәселен, қазіргі таңда әрбір турист Германия аумағына не үшін келгісі келетінін түсіндіруі тиіс. Ал Ұлыбританияда ел аумағына кірген әрбір азамат екі апталық карантинге жатуға міндетті. Бұдан бөлек, оқшаулауда болатын жердің нақты мекенжайын айтуы тиіс. Ал тәртіпке бағынбағандар 1000 фунт көлемінде айыппұл арқалайды. Міне, бұл жағдай биыл елімізде ішкі туризмді дамытуға тың серпін беріп қана қоймай, ішкі туризмнің жандануындағы бастамашы жыл болуы да мүмкін. Ендігі мәселе осы орайды ұтымды пайдалануда.

### ЖАҢА ЖОБАЛАР САЛАНЫҢ ТЫНЫСЫН АШАДЫ

Биыл Балқаш көлінің аумағы туризмді дамыту бағдарламасына енді. Сонымен қатар, жағалауда 20-дан астам демалыс аймағын салу, инженерлік желілер жүргізу, Қарағанды – Балқаш трассасын жөндеу жұмыстарын аяқтау және еліміздің басқа өңірлерінен үлкен ұшақтар қабылдау үшін қала әуежайын қайта жаңарту жоспарланып отыр. Жағалаудағы аумақты абаттандыру, инженерлік желілер құрылысы, жолдарды жөндеу және әуежайды қайта жаңарту жұмыстары 2023 жылы аяқталады. Алдын ала болжам бойынша бұл Балқаштағы туристер ағынын 5 есеге арттыруға мүмкіндік береді. Қазір курорт жылына 80 мың адамды қабылдайды. Қайта жаңғыртудан кейін демалушылар саны 400-500 мыңға дейін өсуі мүмкін. Бұл шаралар аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттырып қана қоймай, курорттық аймақта демалу бағасының төмендеуіне де оң әсер беруі мүмкін.

Сондай-ақ ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың айтуынша, «Ұлытау – Алтын Орданың алтын бесігіне отандық және шетелдік туристерді тарту мақсатында «Қасиетті Ұлытау», «Хан жолы», «Теректі әулие» және «Қорғасын құпиясы» жаңа туристік бағыттары әзірленді. Мерейтойдың негізгі іс-шаралары осы жылдың қыркүйек айына жоспарланып отыр. Тарихи кешеннің ашылуы, ғылыми-практикалық семинар, «Жезкиік-2020» халықаралық фестивалі секілді шаралар ұйымдастырылады. Бұл шаралар да ішкі туризмді дамытуға оң әсер беретіні анық.

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданындағы Алакөл жағасында да 650 орындық сегіз жаңа демалыс үйі ашылмақ. ШҚО Туризм және сыртқы байланыстар басқармасы басшысының орынбасары Инара Бодукованың айтуынша, көл бойында 4 жұлдызды қонақүй бой көтеретін болады. Сонымен қатар «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында демалыс орнында су және электр желілерін тарту жұмыстары басталған. Демалушыларға ыңғайлы болу үшін биыл медицина және полиция бекетінің құрылысы жүргізілмек.

### БАҒА АСПАНДАП КЕТПЕЙ МЕ?

Дейтұрғанмен, наурыздан бастап карантинде болған соң ба, жоқ әлде орайды пайдаланып, опырып ақша табуды көздеп отыр ма, кім білсін, қазірдің өзінде еліміздегі саяхат орындары бағаны өсіріп жіберген. Мәселен, Алакөл аймағы 13 маусымнан бастап демалушыларды қабылдамақ. Бірақ хабарласқан тұрғындардың айтуынша, бұл өңірде баға 2 есе көтеріліп кеткен. «Жылда шетелге барып демалып келетінбіз. Биыл Қазақстанда демалуды ойлап отырмыз. Алайда Қазақстанда баға өте қымбат, Бурабайда демалатын ақшаға Дубайға барып демалуға болады. Ол аздай, биыл баға тіпті шарықтап кетуі мүмкін. Бұл, әрине, 2 айға жуық үйінде карантинде отырған отандастарымыздың қалтасына үлкен салмақ. Меніңше, туристік орындар көз алдын ғана ойламай, болашақты да ескеріп, бағаны лайықты мөлшерде ұстап, отандық саяхатшыларды тартып, оларды ел ішінде демалуға үйрету керек сияқты» дейді қала тұрғыны Гүлжамал Орынбайқызы.

Расында, алаңдауға негіз бар. Еліміздегі туристік орындар маусым айына дейін саудасының жүрмегенін сылтау етіп, қазір бағаны қымбаттатып жатыр. Бұл қымбаттату биылғы туризмге ғана емес, болашақ туризмге де ықпал етеді. Сондықтан биыл біздегі туристік орындар бағаны шама жеткенше төменгі деңгейде ұстауы керек. Осы арқылы өзіміздің туристерге өзінің жарнамасын жасап алуы керек осы орайды пайдаланып. Бірақ оны ескермей, бағаны екі есеге аспандатып жіберу біздің болашақ туризмді ешқашан дамытпайды, керісінше, жарға ұрындырады.

### ТАЗАЛЫҚ ШАРАЛАРЫ ҚАТАҢ САҚТАЛСЫН

Маңызды мәселе – биыл ішкі туризмді дамытудың бірден-бір жолы – індетті тізгіндеу. Індет тізгінделмей, туризм жанданбайды. Себебі жұрт саяхаттаймын деп індет жұқтырып алудан алаңдайды. Туристік орындар да індет асқына берсе, қайта карантин жариялана ма деп алакөңіл. Демек, індет тізгінделмей, туризм де жанданбайды. Мәселен, тосқауыл бекеттер алынғалы Бурабайда саяхатшылардың қарасы молайып келеді. Алайда олардың арасына санитарлық талаптарды, арақашықтықты сақтап жүргендер аз. Көбінде бетперде жоқ. Ал індет шомылған су арқылы жұғуы мүмкін бе деген мәселе жөнінде әлі ғылыми байлам жоқ. Сондықтан ішкі туризмді жандандырудың, сыртқы туризмді тартудың бірден-бір жолы – індеттің алдын алу және тізгіндеу. Бұған бірінші Үкімет қатаң шаралар қолдануы керек, оған халық та белсене атсалысуы шарт. «Біздің елде ауру жоқ, бәрі өтірік» деп бойды кеңге салудың ешқандай қажеті жоқ.

### НӨПІРГЕ ДАЙЫН БА?

Сонымен қатар, бұрыннан айтылып келе жатқанымыздай, еліміздегі туристік орындарда әлеуметтік тазалықты сақтау жағы жеткіліксіз. Мәселен, Бурабай көлінің жағасында қалың адам шомылып жатады. Демалушыларға қолындағы қоқыстарын тастайтын жәшіктер алысқа орналасқан немесе жоқтың қасы. Сондықтан кейбір шомылушылар қолындағы қоқысын көлге тастай салады немесе жағаға қалдырып кетеді. Міне, бұл ортаның тазалығы тұрмақ, туризмге де кері әсерін тигізері сөзсіз. Шарын шатқалы секілді әйгілі орындарда тақтайдан қалап салып қойған дәретханалар жайлы да аз айтылған жоқ.

Ендігі мәселе еліміздегі туристік орындардың жағдайы, яғни ішкі туристік орындарымыз Қазақстандағы туристерді қабылдауға қауқарлы ма? Мәселен, биыл Алакөлде, Бурабайда туристер көбеюі бек мүмкін. Алайда саяхат орындарынан салынған қонақүйлердің бағасы шетел саяхатшылары үшін арзан болғанмен, бұл бағаны кез келген қазақстандық саяхатшылардың қалтасы көтере бермейді. Ал қолжетімді бағадағы қоналқылар саяхатшы көбейсе жетіспеуі мүмкін.

Әрине, ішкі туризмді дамытуға күш саламыз дейді екенбіз, туристер үшін ұшақ, пойыз билеттерінің бағасы қолжетімді болуы керек. Бағаны келсе-келмес аспандатып алатын немесе билет тапшылығын қолдан жасап, ішкі туризмнің дамуына кедергі келтіретін факторларды азайту керек. Бір ғана мысал айтайық, Өзбекстан биыл шетелдік туристердің әуе, теміржол билет бағасының 30 пайызын қайтарып беруды жоспарлап отыр. Ол үшін Өзбекстанға келетін азаматтар 10 адамнан кем емес туристік топ болуы керек әрі мұнда 5 күннен артық түнеуі шарт. Оңтүстіктегі көршіміз ішкі туризмін дамыту үшін осындай тәсілдер қолданып отыр. Бұл әдіс бізге де керек.

**Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ,**
**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

# ӨМІРІН ӨНЕГЕЛІ ӨРНЕКТЕГЕН...

**Жуырда елімізге белгілі көсемсөзші-журналист, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Журналистер академиясының академигі, республикалық «Мысль» журналының бас редакторы Аяған Сандыбай жетпіс жасқа толды.**

Азамат **ЕСЕНЖОЛ**



Өмірде бір рет те болса көрмеген, танымайтын жан туралы жазу қандай қиын болса, ал жақын біліп, қадір тұтатын адам туралы жазу одан да қиын. Аяған аға 2015 жылы «Астана ақшамы» газетіне бас редактор болып келді. Бұрын сыртынан есімін ғана білетін, оқырмандарға парасатты публицист ретінде танылған ардақты азаматпен бірге әріптес болдық. Сонда ол кісінің өте мәдениетті адам екендігін таныдым. Ешқашан дауыс көтеріп сөйлемейді. Асып-таспайды. Бәрін сабырлы, сыпайы жеткізеді. Шынымды айтсам, Аяған аға секілді мәдениетті адамды өмірде сирек кездестірдім. Өзім де сол кісігеептеп ұқсағым келгенімді жасырғым келмейді. Оның бәрі біздің кейіпкерімізге ата-анадан дарыған қасиет пен өмірден алған тәжірибесі деп ой түйемін.

Ал ол кісінің өмірден көргені ...әрине, мол екені анық.

Аяған Өтенұлы – Тобылдың қойнауында қояндай бұйығып жатқан Елтай деген ауылда өмірге келіпті. Орта мектепті бітіргеннен кейін Қостанайдағы құрылыс техникумында оқып, алты жылдай құрылыс саласында жұмыс істейді. Алайда жасынан жазу өнерін жақын көрген ол арман қуып Алматыға барып, Қазақ ұлттық өнер университетінің журналистика факультетіне оқуға түсіп, оны бітіргеннен кейін туған жеріне оралып, Қамысты аудандық газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, редактор секілді журналистиканың алғашқы баспалдағынан бастап, лауазымды дәрежесіне көтеріліп, тәжірибе жинақтады. Белгілі ғалым Тауман Амандосов: «Адам оқып журналист болмайды, журналистің ең басты оқулығы – өмір» дейтін көрінеді. Біздің кейіпкеріміз де сөз майданына өмірден өзінен келді де, бірден ысылған маманға айналды. Содан соң Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі жанындағы Ақпарат агенттігінде, Президенті Әкімшілігінің сектор меңгерушісі, Баспа және бұқаралық ақпарат министрінің орынбасары, «Қазақстан» телерадио» корпорациясының бірінші вице-президенті, «Қазақ теледидарының» бас директоры, «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы» АҚ-тың жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры секілді жоғары дәрежелі қызмет атқарды.

Біз бұл жерде кейіпкеріміздің атқарған қызметін бекер тізбелеп отырған жоқпыз. Осы қызметтерде ол кісінің елеулі еңбегі мен айшықты қолтаңбасы қалды. Мәселен, егемендіктің елең-алаң шағында Президент аппаратында істеп жүргенде Алматыда Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайын өткізудің басы-қасында жүріп, атамекенге алғаш табаны тиген ағайынның алғысын алды. Сонымен бірге еліміздегі «БАҚ туралы» алғаш заңын дайындауға сүбелі үлес қосып, соның ішінде журналистердің төл мерекесін белгілеуге, БАҚ саласындағы Президенттік сыйлықтың тағайындалуына, ҚазАқпарат агенттігінің қайта жандануына бастамашы болды.

Қазақстанның халық жазушысы Иван Щеголихин көзі тірісінде біздің кейіпкеріміз туралы: «Оның жұмысында қызметтер өзгерді (тас қалаушыдан, аудандық газет тілшісінен баспасөз министрінің орынбасарына, «Қазақстан» телерадиокорпорациясының бірінші вице-президентіне… дейін), оның өмірінде күрделі жағдайлар кездесті, бірақ ол мектептегі жылдардан қалыптасқан қоғамға, шындыққа және әділеттілікке адал қызмет ету бағытынан еш өзгерген емес. Төңіректе көп адам өзгерді, алайда адам атына лайық азамат ең бастысы – өзінің азаматтық, патриоттық бағытынан еш өзгерген емес. Мейлі, зор дауыспен-ақ айтылсын, Аяған Сандыбай Аристотельдің: «Мемлекет мүдделерімен келісе өмір сүру бұл құлшылық емес, қайта сол мүдделерді қорғау» дейтін қағидамен өмір сүріп, қызмет етіп келеді» деп жоғары бағалапты.

> **Қазақстанның халық жазушысы Иван Щеголихин көзі тірісінде біздің кейіпкеріміз туралы: «Оның жұмысында қызметтер өзгерді (тас қалаушыдан, аудандық газет тілшісінен баспасөз министрінің орынбасарына, «Қазақстан» телерадиокорпорациясының бірінші вице-президентіне... дейін), оның өмірінде күрделі жағдайлар кездесті, бірақ ол мектептегі жылдардан қалыптасқан қоғамға, шындыққа және әділеттілікке адал қызмет ету бағытынан еш өзгерген емес**

Қазақ журналистикасында шығармаларын орыс тілінде шұрайлы жазған Баубек Бұлқышев, Әнуар Әлімжанов секілді айтулы тұлғалар болды. Осы асыл азаматтардың жолын сәтті жалғастыра білген қаламгердің бірі – Аяған Сандыбай. Қаламы қарымды журналист бірнеше кітаптың авторы ретінде оқырмандарға жақсы танылды. Оның 2004 жылы «Фолиант» баспасынан шыққан «Чем порадовать сердце...» («Жүректі қайтіп жұбатам») деген орыс тілінде жарық көрген жинағында ұлттық мәдениет, экономика, баспасөз саласында қордаланып қалған проблемаларды қопарып жазған. Әсіресе, «Шұғыла-нұрды бетке алып...» («Иду по линии света..») атты кітабындағы «Қазақстанның солтүстігі шынымен қатал өлке ме?» («Так ли суров казахстанский Север?») атты толғамында өте өзекті ойды қозғайды. «Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов және басқа ұлттың рухани басшылары, көрнекті тұлғалары дүниеге келіп, тірлік кешкен өңірдің тумасы ретінде солтүстіктің қаталдығы жөніндегі пайымның парасат ауылынан алыстығын айтқым келеді» деген автор солтүстік өлкенің сұлу табиғаты мен ерекшелерін сөз ете келіп, оңтүстік өңірден қоныс аударатын ағайындарға осы жердің мал шаруашылығы және егіншілікпен айналысуға қолайлы екендігін нақты деректермен төгілтіп жазса, «Мемлекеттік тілді қорғау» («Апология государственного языка») атты мақаласында ұлт зиялыларының көкейінде жүрген мәселені тап баса білген. Сондай-ақ Аяған Өтенұлының алыс-жақын шетелдерге тарайтын «Известия», «Московский комсомолец», «Комсомольская правда» секілді газеттер мен «Казахстанская правда», «Экспресс К» сияқты белгілі басылымдарда жарияланған елдік мүддені қозғаған публицистикалық дүниелері оқырмандарын ешқашан бей-жай қалдырмаған.

Аяған аға «Астана ақшамына» басшылық жасаған кезде редакцияға көрнекті ғалым Төрегелді Шарманов, тарих ғылымдарының докторы, академик Болат Көмеков, белгілі қазақстандық журналист Моисей Гольдберг секілді азаматтарды шақырып, олардың тағылымға толы әсерлі әңгімелерін тыңдауға мұрындық болды. Бұл да оның жаңа идеяға құштар қасиетін көрсетеді. Қазір ол кісі биыл жарық көргеніне жүз жыл толып отырған «Мысль» журналының бас редакторы. Қазақстан Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев: «Аяғанның қаламгер ретіндегі кемелденген шағы еліміздің тәуелсіз даму кезеңімен тұспа-тұс келді. Өмірін өнегелі істермен өрнектей білген шәкіртім әрі досым кемеліне келіп толысқан шағында жүзжылдық тарихы бар «Мысль» журналының туын төмендетпей, байырғы басылымды халықтың мүддесі мен мұңын жариялайтын мінбер деңгейіне көтерді» деп жазыпты.

Қорыта айтқанда, ұлттық мұрат, елдік мақсат жолында ойлы қаламымен халықтың арман-мұңын айта білген парасатты тұлғаның аядай ғана ауылдан басталған жолын даңғылға айналғандығын көресіз.

# ҚОЛӨНЕР ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ЖАҢҒЫРТАДЫ

**Білім және ғылым министрлігі барлық білім беру мекемесін қашықтық режимге көшіріп, карантин жағдайында және каникул уақытында білім алу ресурстарды ұсынды. Осы орайда қаламыздағы Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясында «Алтын саусақ» қолөнер үйірмесінің жетекшілігімен ұлттық құндылықтарды жаңғырту аясында оқушыларымыз бірнеше көрмелерге, ғылыми конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.**

Қашықтық жүйеде білім алу, үй тапсырмасын орындау оқушы мен ата-ананы бір-біріне мейірімге толы қарым-қатынастағы отбасы болуға мүмкіндікті арттыра түсті. Ата-ананың қолдауымен үйдегі жайлы атмосферада оқушылар қашықтық кеңістікті қолөнерлері арқылы игеріп, шыңдалды.

Мектебімізде бірнеше әлеуметтік жобалар жұмыс жасайды, соның бірі «Талап еңбек, терең ой...», «Абай аманаты – адал еңбек» атты Абай мұрасын насихаттау, ұлттық құндылықтарды жаңғырту аясында жұмыс істейтін «Алтын саусақ» қолөнер үйірмесінен шығармашылық жұмыстарды көруге болады.

Үйірмедегі оқушылар құрғақтай киіз басу тәсілімен «Абай», «Бала Абай», «Әжесі мен Абай» сияқты портреттерді, түкті кілем тоқу тәсілімен «Абай», «Әл-Фараби» портреттерін жасап шықты. Сонымен қатар құрғақтай киіз басу тәсілімен келесі туындылар жарық көрді: «Киіз басу», «Түйе мен қой», «Қалмажай биі», «Ауыл тынысы», «Қыз қуу» және т.б. Соның бірі – ерекше көзге түскен 9-сынып оқушысы Гүлнұр Сексенбаеваның «Елорда жүрегінде Ұлы Абай» қыз балаларға арналған драп матасының үстіне аса ізденімпаздықпен жасалған туынды.

«Алтын саусақ» қолөнер үйірмесінде мектебіміздің оқушылары құрғақтай басу тәсілін, түкті кілем тәсілін, моншақпен тоқу, кестелеп тоқу қолөнер сырларын меңгеріп алды. Карантинге шықсақ та, бастаған қолөнер жұмыстары қашықтан оқыту тәсілімен жалғасын тапты. Қазіргі таңдағы бәрімізге мәлім Zoom, WhatsApp, Instagram әлеуметтік желілері тиімді пайдаланылып, сабақтар өткізіліп тұрды.

Біздің оқушылар «Өз жұлдызыңды жақ» атты Алматы қаласындағы республикалық онлайн өнер сайысына белсене қатысты. Аталған сайыста мектебімізден 17 оқушы қатысты, шығармашылық туындыларымен көрермендерін паш еткізіп 5 оқушы бас жүлдені ұтып, І дәрежелі дипломға 6 оқушы, ІІ дәрежелі дипломға 5 оқушы, ІІІ дәрежелі дипломға 1 оқушы ие болды.

Сонымен қатар Қазақ технология және бизнес университетінде өткен конференцияға мектептің «Алтын саусақ» қолөнер үйірмесі «Дизайн, жеңіл өнеркәсіптің технологиясы мен инновациясы» 5-ші секциясына ғылыми мақалаларымен 7 оқушымыз қатысып, арнайы сертификаттарға ие болды.

«AlashMEDIA» өнер орталығының ұйымдастыруымен өткен конкурста да оқушыларымыз өз өнерлерін көрсетіп жүлдегерлер қатарынан көріне білді. Өзім жетекші ретінде дарынды өнерпаздарды өнерге баулып, кәсіби біліктілік танытқаным және үздік таланттарды тәрбиеленген еңбегім үшін «Үздік жетекші» дәрежесіне ие болдым.



Халықаралық «Жас жұлдыз» атты өнер додасы аясында таланты мен дарыны үйлескен өнерпаздарға арналған «ALASH» өнер орталығының ұйымдастыруымен өткен байқауда үздік өнерімен ерекшеленген 12 оқушының бірінші дәрежелі дипломмен марапатталды.

**Гүлмира АЙТБАЕВА,**
**Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының «Алтын саусақтар» қолөнер үйірмесінің жетекшісі**
**Нұр-Сұлтан қаласы**

**Бүгінгі ақпарат – ертеңгі тарих. Күнделікті тірліктің тың жаңалықтарын жарқ еткізіп жұрт назарына ұсынатын газет те күн өткен сайын көненің көзіне, жылжыған уақыттың ізіне айналады. Күндердің бірінде сол қағазы сары тап болып, әр бетіне уақыт пен дәуірдің иісі сіңген газетті парақтар болсаңыз, газет басылған кездегі қоғамдық өмірдің қойнауына қайта бір бойлап, сол кездің өзекжарды тақырыптарына ой көзімен үңілетініңіз шүбәсіз. Ендеше «Астана ақшамының» 2002 жылғы нөмірін бірге парақтайық.**







### ЖЫЛҚЫ САНЫ 15 ЖЫЛДА 15 ЕСЕ КЕМІГЕН

Жылқы жылғы газет қамбар ата туралы көп мағлұматтар берген. 1986 жылы Одақтағы жылқы түлігінің 28 пайызы 1 миллион 455 мыңы Қазақстанда болған екен. Осынау байлықтан қалған қазіргі жұрнақ – 103,4 мың ғана.

Қымыз бен жылқы етінің қасиеті туралы да сөз қозғаған материалдардың ұлттық тағам мәдениеті жөнінде де көп мағлұмат берсе, «Жылқы жылы туған жиһангер», «Құлагерді құлатқан кім?» деген тарихи материалдар Шыңғыс хан мен Ақан сері туралы оқырманға тамаша сыр шертіпті.

### ТУҒАН ТІЛДІҢ ТАҒДЫРЫ

Қазақстанда 30 жылдан бері шешілмей келе жатқан тіл мәселесі БАҚ беттерінен бір сәтке де түсіп көрген жоқ. Күні бүгінге дейін айтылып та, жазылып та келе жатқан бұл тақырып біз қаузап отырған жылда да қатты-қатты айтылыпты. «Тәуелсіз телеарна қашан қазақша сөйлейді?» (Өріс Яшукірқызы), «Қазақ тілі алдымен қазақтарға керек» (Ғалым Жүсіпов), «Тілін білмеген тексіз» (А.Сәкиұлы), «Телеарнада тепе-теңдік сақталуы керек» (Ғалым Қожабеков) деген мақалалардың бәрінде туған тілдің тағдыры сөз болыпты. «Тіл жойылса, ұлт та жойылады» деген қағиданы санамызға сіңіретін уақыт жеткен жоқ па? Қашанғы өз тілімізді өгейсіте береміз? Еңсесін көтерейік те» деп сөз қозғаған А.Сәкиұлы қазақ тілінің мәртебесін көтеру жөнінде ұтымды ойларын ортаға салса, Ғалым Қожабеков телеарналардың көбі орысша «сайрайтынын» айта келіп, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң мен «Тілдер туралы» заңда көрсетілген талап пен міндетті орындауға бақылау жасау күн тәртіптен түспесе екен» деп түйіндепті.

Ел тағдырына, ұлт болашағына қатысты тақырыпты үзбей қаузаған газет «ойтоғыс» айдарымен оқырмандарға көптеген келелі кеңес, сүбелі сұхбаттар ұсыныпты. Соның бірі – «Халықты әрі тарт та, бері тартқа салатын кімдер?» деген тақырып. Қоғамдағы бұл мәселе Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Мырзатай Жолдасбековтің ғалымдармен өткізген «дөңгелек үстел» басындағы әңгімеге арқау болыпты. Әңгімеге қатысқан А.Сейдімбеков, Р.Нұрғали, Қ.Салғараұлы, Т.Садықов сынды ғалымдар мемлекетшілдік, сол кездегі БАҚ-тардың жағдайы туралы әр қырынан сөз қозғап, қазақ тілінің мәселелеріне көбірек тоқталыпты.



### КӨШТЕН КЕЙІН ДЕ КҮҢКІЛ КӨП БОЛҒАН

Өткен ғасырдағы күллі қазақ үшін ең үлкен жаңалық Қазақстанның тәуелсіздік алуы болса, ғасыр соңында ел астанасын Алматыдан Арқа төсіндегі Ақмолаға көшіру де өте маңызды тарихи қадам болды. Алайда болашақ астананың келешегіне күмәнмен қарап, күңкілдегендер де аз болған жоқ десек, сол күңкіл 2002 жылға дейін үзілмегенін «Ақшам» анық аңғартып тұр. «Бір елде бір-ақ астана болады», «Айттың не, айтпадың не немесе бір елде екі астана болмайды» деген тақырыптар аясында ел астанасы Арқаға көшкеннен кейін жұрт біразға дейін Алматыны «оңтүстік астана» деп атағанын, оны ең алдымен орыс тілді БАҚ беттері бастап, кейін қазақ журналистері атау ретінде қолданып кеткені жазылыпты.

### АЩЫ СУДЫҢ ӘЛЕГІ

Әр дәуірдің тулатып ортаға салар өз тақырыбы бар десек, еліміз тәуелсіздік алған кезеңнен бастап осы ғасырдың басына дейін арақ апатының елге салған лаңы да аз болмаған секілді. Мәселен, газеттің 2002 жылғы 7 ақпан күнгі нөміріндегі бас мақалада қала бойынша 22903 адамның арақ ішіп айықтыру орнына «қонақ» болып шыққаны дәлелді дерек ретінде көрсетіліп, «арақ атамыздың асы емес» деген тақырыппен келелі кеңес айтылыпты. Т.Махметовтің «Арақ ішудің ақыры» деген мақаласында да ащы судың әлегін жанды мысалдармен тәптіштей түсіндіріп, ұлт азаматтарын арақ ішуден тыйылуға шақырып, үндеу тастапты.

### ЖЕР ТАРИХЫ – ЕЛ ТАРИХЫ

Өлкетанушы Клара Әмірқызының «Астананың айналасын білесіз бе?» деген тақырыппен берілген материалында бас қаламыздың төңірегіндегі жер аттары жөнінде тамаша деректер келтірілген. Айталық, «Сілетінің жағасы – бабамыздың қонысы», «Бір байдың Күлшін деген қызы болған», «Тоқымның тоғызы» сынды тақырыпшалар кейінгі кездері орысша аталып кеткен жер аттарының арғы тарихына үңіліп, қазақша атауын қайтару жөнінде тамаша ой қозғапты.

Саясаттанушы Ерлан Төлеубайдың тарих ғылымдарының кандидаты Арман Бейсеновпен өткізген «Археологиялық қазба құндылықтары немесе Қазақстандағы көне мұралар тарихын зерттеу өз дәрежесінде ме?» деген тақырыптағы сұхбаты да ел мен жер тарихы туралы көп сыр шертеді. Н.Жансейітованың «Ақмоладағы қазақ мектептерінің қалыптасу тарихы» деген материалы да Арқадағы алғашқы білім ордалары туралы тың деректер ұсынса, Светлана Сарыбаева «Астананың алғашқы ұстазы» мақаласында 1926 жылдан бастап Ақмола жерінде сауатсыздарды оқытқан Сағат Сарыбайұлы туралы әңгімелепті.

Журналист Амантай Кәкен «Ақмоладағы маусым көтерілісі» туралы жазған мақаласында аталған көтерілістің Қазақстан тарихындағы әділ бағасы қашан беріледі деген мәселені қаузапты. 1979 жылы Кремльдің Ерейментау өңірінен неміс автономиясын құрмақ болған жоспарына қарсы шыққан қазақ жастарының отаншылдық жігерін үлкен ерлікке балап, осы ерліктің әлі күнге дейін өз деңгейінде бағаланбай келе жатқанын алға тартыпты.

### ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН КЕЙІНГІ РЕСМИ БАСҚОСУЫ

2002 жылы 12 наурыз күні Парламент үйінде Қазақстан журналистерінің І конгресі өтіпті. Еліміздің барлық аймақтарынан делегаттар қатысқан бұл алқалы жиын еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін журналистер қауымының тұңғыш рет ресми басқосуы ретінде тарих бетіне таңбаланыпты. Конгреске Елбасы Н.Назарбаев та қатысып, «Отанға сүйіспеншілік көкейден кетпейді» деген тақырыпта маңызды сөз сөйлепті. БАҚ маңызына тоқталған Елбасы «Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдары жалпыұлттық мүдделерді шынайы жеткізуші бола алады және солай болуға тиіс те. Олар біздің экономикалық тұрғыдан өркендеген әрі ашық, демократиялық қоғам құру жөніндегі стратегиялық міндеттерімізді жүзеге асыру ісінде өздеріне лайықты орынды алуы тиіс» деп атап өтіпті.

### АРҚАНЫҢ АРУ ҚАЛАСЫ

Астана Есілдің бойына іргe тепкеннен бастап бас қаламызда болып жатқан жаңалықтарды қағыс қалдырмай оқырман назарына ұсынып отырған газет бейне бір бас қаланың мұрағаты іспетті. Күн сайын түлежіп, ай сайын аумағы кеңейіп, жыл сайын жаңаланып отырған қаланың әрбір жаңалығы газеттің әр бетінде сайрап тұр.

«Астана – өрлеуіміздің, өркендеуіміздің белгісі» деген тақырыппен берілген бас мақалада Елбасының қатысуымен Астана қаласын дамытуға арналған кеңес өткізілгенін, кеңесте Астананың дамуымен қатар, сақталған кемшіліктердің де алғаш рет ашық айтылғанын алға тартқан газет мақаланың соңын «Бұл кеңес Астана құрылысын салудағы орын алған кемшіліктерді ашып көрсетумен қатар, алдағы уақытта олқылықтарды жібермеу үшін жүйелі түрде атқарылатын міндеттерді де айқындап берді» деп түйіндепті.

Газеттің 8 маусым күнгі санында «Астана тұрғындары 500 мыңнан асты» деп сүйіншілеген хабар дәл қазіргі дәуірдің көзімен қараған адамға да ой салады. Себебі 1998 жылы Астанада 275,8 мың тұрғын болса, келесі жылы бұл көрсеткіш 318,1 мыңға жеткендігі айтылыпты. Ендеше осыдан кейінгі 2,5 жылда 180 мың адамға көбейген Астана халқының 2002 жылдан 2020 жылға дейін 1 миллион 136 мыңға әзер жеткені (2020 жылғы қаңтардағы санақ) бас қаламызда жан санының өсімі соңғы кезде көбейгеннің орнына тым баяулап кеткен жоқ па деген ой салады.

### «ЕЛІМ, ЖЕРІМ, ОТАНЫМ»

2002 жылдары оқырманға ұсынылған «Елім, жерім, Отаным» айдары да «Ақшамның» ажарын аша түскен. Ел тағдырымен қатар сүйемдей жердің де қазақ үшін жаннан қымбат екенін алға тартқан журналистердің арасында Төлен Зәрубайұлының «Ұлттың ұясы» деген шағын мақаласында Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы жер мәселесі қозғалыпты. «Кәрімов мырза, екі елдің болашағын ойлаңыз», «Кәрімов мырза, тек Бостандық ауылының 4180 шаршы шақырымы ғана сіздікі, қалғаны – Қазақстандікі» деп басталған мақала Өзбекстанға кеткен қазақ жерін қайтару қадамдары жөнінде сөз қозғап, сөзінің соңын «Бабаларымыз жерім болмаса, жанымның құны неге керек деп текке айтқан жоқ» деп түйіндепті.

Осыдан кейінгі нөмірлерінде де тәуелсіздігімізге, елдігімізге қатысты өзекжарды мәселелерді үзбей көтерген бұл айдарға берілген материалдардың қай-қайсысы да оқырманды көрген жерден өзіне тартып тұр.

### «АҒЫЛ, ҚАЗАҚ, АТАЖҰРТТЫ АҢСАҒАН»

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін әлемнің 40-тан астам еліне тарыдай шашылған қандастарын тарихи отанына шақырды. Сонымен қатар, 1992 жылы қыркүйек айында Алматы қаласында дүние жүзі қазақтарының І құрылтайын шақырды, оған әлемнің 33 елінен 1000-ға жуық адам қатысты. Қазіргі таңда 5 жылда бір өтетін бұл құрылтай сол кездегі елдің жағдайына байланысты араға 10 жыл салып, 2002 жылы қазан айында қасиетті Түркістанда өтіпті. Құрылтайға 32 мемлекеттен 400-ден астам өкіл қатысты. Құрылтайда тарихи отанына оралуды аңсап жүрген қандастарымыздың елге оралу мәселесі қаралып, көші-қон квотасының мөлшерін ұлғайту жоспары қарастырылыпты. Қатарынан 3-4 нөмірін осы құрылтайға арнаған газеттің берген материалдарының бәрінен Қазақ елінің қандастарға деген қамқорлығы, қанына тартатын қасиеті менмұндалап тұр.



### АСТАНАДАҒЫ АЛАМАН АЙТЫС

Жылқы жылында Астананы дүбірлетіп, қазақ ұлтының рухын көтеріп, жігерін жаныған айтулы шаралардың арасында Қабанбай ауылындағы айтулы той мен Кенесары ханның 200 жылдығына арнап өткізілген аламан айтысты атауға болады. Астана іргесіндегі ауылда өткен тойға 17 ауылдың құрамасы қатысып, ұлттық спорттың көрігін қыздырыпты. Ал елорда төрінде қазақтың соңғы ханы Кенесарының рухына арналып өткізілген жыр додасына Қазақстанның жер-жерінен «сен тұр, мен атайын» дейтіндей жыр жүйріктері қатысып, оған Ақселеу Сейдімбек, Қойшығара Салғараұлы сынды марғасқа ағалар қазылық жасапты.

### БЕСКЕ ТОЛҒАН БАС ҚАЛА

Газеттің жыл соңындағы нөмірлерінде Астананың Арқа төріне кереге жайғанына 5 жыл толғанына орай берілген материалдар көбірек орын алыпты. Сол материалдардың арасында жазушы Әбіш Кекілбайдың газет тілшісі Төлен Зәрубайұлына берген сұхбаты мәйегімен де, мәнділігімен де оқырманды өзіне тартады. «Астана – шын мәнінде мемлекеттің үлкен ядросы. Біз тәуелсіздігімізді қалай қастерлейтін болсақ, Астанамызды да солай қастерлеуіміз керек» деген сөз бастаған қаламгер Астананы жобалауда ұлттық болмысты көрнекілендіруге ден қою жағын баса айтыпты.

Дайындаған
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

# ҚАЙЫРЛЫ ҚАДАМДАРЫМ БАСТАЛҒАН

**Мен үшін «Астана ақшамы» газетінің орны бөлек. Алғаш қаламымды ұштап, кәсібімді шыңдап, журналистикадағы томағамды сыпырған басылым – бұл. Ресми еңбек жолым да осы газеттен басталған. Журналист ретіндегі алғашқы қаламақымды да, алғашқы еңбекақымды да «Ақшамнан» алыппын.**

Газетте табан аудармай он бес жыл бойы жұмыс істедім. Менің бұл «тұрақтылығыма» өзге әріптестерім таңғалып жүретін. «Осы сен «Ақшамнан» біржола зейнеткерлікке шығатын шығарсың» дейтін. Ал менің басылымда ұзақ уақыт бойы қызмет етуімнің құпиясы – газет ұжымындағы ауранның жайлылығында, бір-бірінің жақсылығына сүйсініп, қуанышына ортақтаса білетін әріптестерімнің мықтылығында еді. Газетте кәсіби журналистиканың мектебін қалыптастырып, талай мықты шәкірт тәрбиелеген басшылықтың өзі неге тұрады! Өз басым «Ақшамда» жүріп-ақ талай мектептің шетін көрдім. Бізге басшылық етіп, журналистік кәсібімізге шамшырақ болған, бағыт-бағдар көрсеткен Нұртөре Жүсіп, Амантай Шәріп, Бауыржан Омаров, Талғат Батырхан, Мақсот Ізімұлы сынды ағаларымнан көп нәрсе үйрендік. Журналистика әлемінде дара қолтаңбасы бар осындай тұлғалардың тәрбиесін алғанымды әлі күнге мақтан тұтамын және сол үшін де «Астана ақшамына» дән ризамын.

Басылымның жеке өміріме тигізген жақсылығы да молынан болды. Осы газетте жүріп «Шабыт» халықаралық фестивалінің «Журналистика» номинациясы бойынша жеңімпазы атандым. Осы газетте баспаналы болдым. Жан-жарыма ұзатылған кезде де құлағыма алтын сырғасын салып тұрып, тілеулестікпен шығарып салған «Астана ақшамы» болатын. Мұндай қайырлы қадамдарыма куә болған редакцияны ұзақ уақыт бойы қимай жүргенім де сол еді...



Жалпы, «Ақшамға» жұмысқа келген тілшілердің осы газетті қиып кетуі қиын. Газеттен үш рет кетіп, үш рет қайтып келген әріптестеріміз де бар. Мұның өзі береке-бірлігі жарасқан ұжымның жақсылығын көрсетсе керек.

Біз қанша жыл басқа басылымда жұмыс істеп жүрсек те, әлі күнге «Ақшамды» сағынышпен еске аламыз. Татулығы жарасқан ұжымда қызмет еткен жылдарды алтын ғасырға балап, сол ерекше күндердің дәмін ұмытқан емеспіз. Ара-тұра төркінін сағынған қыздай «Астана ақшамына» барып тұратынымыз бар. Сонда бізді қуана қарсы алатын ұжым әлі күнге бар. Жүрегімізге соншалықты ілтипат пен махаббат сіңірген ұжымның өзімізге деген қамқорлығы, мейірімі екенін де сеземіз. Тіпті ұжымның тең жартысы ауысып кетсе де, ортаға жаңадан қосылғандардың өзі бұрыннан қалыптасқан сыйластық дәстүрін үзген емес.

Иә, «Астана ақшамы» – қандай адамды да бауырмал етіп жіберетін сиқыры бар қасиетті шаңырақ.

Қанша басшылық ауысса да татулығынан танбай, үлкені – кішісіне, бастығы қызметкеріне қамқор болу дәстүрінен жаңылмай келе жатқан «Астана ақшамын» 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын. Бас шаһардың бас басылымы абырой биігінен көрініп, өсіп-өркендей бергей!

*Қымбат ТОҚТАМҰРАТ, журналист*

# ҚАҚПА ҚҰЛАҒАЛЫ ТҰР





**Айжан КҮДЕРІ:**
– Б.Майлин көшесі, 29/1 мекенжайының ауласында футбол қақпасы құлайын деп тұр. Қисайып тұрған қақпаның маңында балалар алаңсыз ойнап жүр. Бір күні балаларды басып қалса қиын ғой.

**АЛМАТЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:**

*– Құрметті Айжан Күдері! Сіздің өтінішіңіз бойынша аталған аумақта футбол қақпасын қауіпсіз етіп орнатып, қалпына келтіру жұмыстарын жүргіздік. Фотоматериал қоса берілді. Қала өміріне белсене қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.*

# ТРИАТЛОН ПАРКІ НЕГЕ ТАС ҚАРАҢҒЫ?

**Әлия МҰСТАФИНҚЫЗЫ:**
– Триатлон паркінде шамдар өшіп тұр. Жарықтандыруды қажет етеді. Осы мәселе оң шешімін тапса жақсы болар еді.

**«АҚЖАЙ ЭЛЕКТРО» ЖШС:**

*– Құрметті Әлия Мұстафинқызы! Сіздің өтінішіңіз бойынша аталған аумақта жарықтандыру қызметі қалпына келтірілді. Фотоматериал қоса берілді. Бас қала тіршілігіне белсене қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.*



# ҚҰДЫҚТЫҢ ҚАҚПАҒЫ ҚАЙДА?





**Мақсат АРНҰРҰЛЫ:**
– К.Байсейітова мен Қарасай батыр көшелерінің қиылысында құдық қақпағы ашық жатыр. Ешқандай қоршау қойылмаған, қауіпті жағдайда тұр.

**«АСТАНА ТАЗАЛЫҚ» ЖШС:**

*– Құрметті Мақсат Арнұрұлы! Сіздің өтінішіңізге сай көрсетілген мекенжайдағы құдықтың беті жабылды. Алаңдауға себеп жоқ. Фотоматериал қоса берілді. Қала тіршілігіне белсенді қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.*

109 iKomek ASTANA 24/7

*Деректер iKomek қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы берген деректен іріктеліп алынды.*

Бетті дайындаған
Фарида **КАРИМОВА**

# ЗИРАТҚА ТАЗАЛЫҚ КЕРЕК

**Людмила ИГОРЕВНА:**
– Қалалық зират қоқысқа айналып барады. Тазалықшы қойып, уақытылы тазалап тұрса жақсы еді.

**САРЫАРҚА АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:**

*– Құрметті Людмила Игоревна! Сіздің өтінішіңіз бойынша аталған аумақта қоқыс жинау жұмыстары жүргізілді. Фотоматериал қоса берілді. Қала өміріне белсенді қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.*









# ҚОҚЫСТАН КӨЗ АШПАЙМЫЗ





**Сабира БЕКБОЛҚЫЗЫ:**
– Абылай хан көшесі, 28 мекенжайындағы тұрғын үйлердің маңы тазаланбағалы көп болды. Балалар ойнайтын жер қоқысқа толып бітті. Аула тазалығына көңіл бөлінсе екен деймін.

**АЛМАТЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:**

*– Құрметті Сабира Бекболқызы! Сіздің өтінішіңіз бойынша ауланы тазалау жұмыстары жүргізілді. Фото қоса берілді. Орта тазалығы мәселесіне көңіл бөлін, қала тіршілігіне белсенді қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.*

# АУЛАНЫ КІМ ҚАДАҒАЛАЙДЫ?





**Майра СӘДУАҚАСҚЫЗЫ:**
– Абай даңғылы, 1 мекенжайындағы тұрғын үйлердің маңы тазаланбағалы көп болды. Әсіресе, балалар ойнайтын жерді қоқыс басып жатады.

**САРЫАРҚА АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:**

*– Құрметті Майра Сәдуақасқызы! Сіздің өтінішіңіз бойынша ауланы тазалау жұмыстары жүргізілді. Фото қоса берілді. Орта тазалығы мәселесіне көңіл бөлін, таза қала құру ісіне белсенді қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.*

# ЖӘШІКТЕР ҚАШАН ТАЗАЛАНАДЫ?

**Салтанат ӘСЕТҚЫЗЫ:**
– Ақбидай көшесі, 15-үйдің ауласындағы қоқыс жәшігі толып тұр, тазаланбағалы біраз болды. Балалардың денсаулығы үшін алаңдаймын. Тазалап тастаса жақсы болар еді.





**БАЙҚОҢЫР АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:**

*– Құрметті Салтанат Әсетқызы! Сіздің өтінішіңіз бойынша ауланы тазалау жұмыстары жүргізілді. Фотоматериал қоса берілді. Орта тазалығы мәселесіне назар аударып, таза қала құру ісіне белсенді қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.*

# ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

*(Жалғасы. Басы газеттің №67 (4036) санында)*

*Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.*

| Кезек нөмірі | Тегі | Аты | Әкесінің аты | Кезекке қойылған күні | Санат |
|---|---|---|---|---|---|
| 7517 | РАХМЕТОВА | САУЛЕ | МУБАРЯКОВНА | 30.10.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7518 | КАЙНЕЛГЫЛЫМ | МАЖИТ | | 30.10.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7519 | БАЙШОЛАНОВА | ДАНАГУЛЬ | САУЛЕТОВНА | 30.10.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7520 | САДЫКОВА | АМИНА | СУНГАТОВНА | 31.10.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7521 | МИХАЙЛОВА | ИРИНА | НИКОЛАЕВНА | 31.10.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7522 | КУРПИТАЕВА | КУЛЬБАНУ | КУДАЙБЕРГЕНОВНА | 31.10.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7523 | РАХИМЖАНОВА | ЖЕНИСКУЛЬ | ТОЛЕГЕНОВНА | 01.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7524 | КАППАСОВА | ДАМЕШ | | 01.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7525 | МУСИНА | АСЕМГУЛЬ | САПАРГАЛИЕВНА | 01.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7526 | МАЖЕНОВА | НУРЖАМАЛ | МАЙДАНОВНА | 02.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7527 | СУЛЕЙМЕНОВА | ДАМЕЛА | | 02.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7528 | АБДРАХМАНОВА | ГАЛИЯ | КАБЛАНОВНА | 04.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7529 | ЖАНБЕКОВА | ШЫНАР | НУРАЛИЕВНА | 04.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7530 | ТУРСЫНБАЕВА | НЫШАНКУЛЬ | АЛМАБЕКОВНА | 04.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7531 | ИСИНА | ГУЛЬЗАНА | АЙТКОЖИНОВНА | 04.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7532 | ГАБДОЛЛОВА | ИНДИРА | САНДИБЕКОВНА | 05.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7533 | УСМАНБЕКОВА | ДИНАРА | МАХМУДБЕКОВНА | 05.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7534 | ИМАНБАЕВА | ГУЛЬНАРА | ЕГИНБАЕВНА | 06.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7535 | МАШКОЗОВА | БАЗАРКУЛЬ | КУРМЕКОВНА | 06.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7536 | ТӨЛЕБАЙ | ЖҰЛДЫЗАЙ | ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ | 06.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7537 | КАЙДАРОВА | АЙМАН | АМАНГЕЛЬДЫКЫЗЫ | 07.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7538 | СЫЗДЫКОВА | АЙНУР | АКЫЛБАЕВНА | 07.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7539 | ГРИНЕВА | АЛЕСЯ | ЛЕОНИДОВНА | 07.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7540 | ТУМАНОВА | НАТАЛЬЯ | ВИКТОРОВНА | 07.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7541 | ТУРСБЕКОВА | КАРИНА | КУРМАНГАЗЫЕВНА | 07.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7542 | КАМЗЕНОВА | КЕНЖЕГУЛЬ | КАБДЕНОВНА | 07.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7543 | САГИМБЕКОВ | СУНКАР | ТИЛЕПАЛДИЕВИЧ | 07.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7544 | БЕКЖИГИТОВА | АСЕЛЬ | НАЗАРБЕКОВНА | 08.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7545 | НАБИХАН | ЕРХАНАТ | | 08.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7546 | КЕЛДИКУЛОВА | ФАРИДА | КУДАЙБЕРГЕНОВНА | 08.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7547 | РАХМАНЮК | ВИКТОРИЯ | ТИМОФЕЕВНА | 08.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7548 | БЕКБОСЫНОВА | АЙГЕРИМ | ТУРСЫНОВНА | 09.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7549 | ФРАНК | ОЛЬГА | ВАСИЛЬЕВНА | 09.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7550 | АЙДАРХАНОВА | САУЛЕ | РЫЗЫКОВНА | 11.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7551 | КАРИМОВА | АЙГУЛЬ | ЕСЛЯМБЕКОВНА | 11.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7552 | ОРУМБАЕВА | ГАЛИЯ | ШАЙЗАДАЕВНА | 11.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7553 | МАНГУЖУКОВА | КАЗИЯ | КАЙНЕШОВНА | 12.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7554 | ОРАЛОВ | ТЛЕКТЕС | АМАНГЕЛЬДЫЕВИЧ | 12.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7555 | МУХАМЕДИНА | ЖАНАЛСЫН | СЕРИКОВНА | 12.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7556 | КОБЗЕВА | ИННА | АЛЕКСАНДРОВНА | 12.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7557 | АЙТБАЕВ | КАЙРАТ | АХБЕРДИЕВИЧ | 12.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7558 | ДЖОЛДИБАЕВА | АЙГЕРИМ | НУРЛАНБАЕВНА | 12.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7559 | БЕКТУРОВА | МАЙРА | АБИЛХАИРОВНА | 12.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7560 | АФАНАСЕНКО | СЕРГЕЙ | МИХАЙЛОВИЧ | 13.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7561 | КАСИМОВА | ЖАДЫРА | ДАВЛЕШКЫЗЫ | 13.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7562 | ХАМИТОВА | ГУЛЬДЕН | БОРАШЕВНА | 13.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7563 | ХАФИЗОВА | ЖАНБОТА | ОМИРТАЕВНА | 13.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7564 | ДЖАНЗАКОВА | ГАЛИЯ | ОСПАНОВНА | 13.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7565 | МУКАЖАНОВА | ДИАНА | АДИЛБИЕВНА | 13.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7566 | ЖИЗСАРОВ | ГАЛИ | ЖУНУСОВИЧ | 13.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7567 | БАЙДАВЛЕТОВА | СЕЙСЕНКУЛ | | 13.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7568 | ЖОЛАУШИНА | БАТЕМА | | 13.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7569 | СУНДЕТОВА | ОРЫНБАСАР | НАДИРЖАНОВНА | 13.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7570 | ИБРАЕВА | ЖУЛДЫЗ | ТОЛЕГЕНОВНА | 13.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7571 | АСАНОВА | РОЗА | МЕДЕТБЕКОВНА | 14.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7572 | ТЕКЕГАРИНА | АСЕЛЬ | КАЙНУЛЛОВНА | 14.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7573 | ПЕТРУСЬ | ЕЛЕНА | АЛЕКСЕЕВНА | 14.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7574 | АБДИКАЛИКОВА | МАГРИПА | | 14.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7575 | БЕЙСЕКУЛОВА | ГУЛЬМИРА | АМАНОВНА | 14.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7576 | БЕКТУРГАНОВА | АКМАРАЛ | МАХАМЕТОВНА | 14.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7577 | ДОСПАНОВА | КОНЫРША | | 14.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7578 | БИТЕМИРОВА | МАНСУРА | АБУБАКИРОВНА | 14.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7579 | ТАДЖИБАЕВ | МУРАТ | КАДЫРОВИЧ | 14.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7580 | ТЫНЫБАЕВА | БЕЙБИТГУЛЬ | СУЛТАНОВНА | 14.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7581 | ОДИЛБЕКОВА | ГУЛБАДАН | АЗИМБЕКҚЫЗЫ | 15.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7582 | АЛПЫСПАЕВА | АЙГЕРИМ | АМАНЖОЛОВНА | 15.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7583 | КУРМАНГАЗИЕВА | АСЫНЗАТ | БУЛАТОВНА | 15.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7584 | ЛИ | ТАТЬЯНА | ТИМОФЕЕВНА | 15.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7585 | БАХТИНА | ЕЛЕНА | ИВАНОВНА | 15.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7586 | ДЮСИМБЕКОВА | ГУЛЬМИРА | ШАЛКАРОВНА | 15.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7587 | КАСЫМОВА | РАЗИЯ | КАЖАТОВНА | 16.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7588 | МУХАНОВА | АЛИЯ | КАРИМЖАНОВНА | 16.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7589 | РАХИМЖАНОВ | ИБРАГИМ | СЕРИКОВИЧ | 18.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7590 | ЖАНӘБІЛ | ҚАБДЕШ | | 18.11.2013 | Оралмандар |
| 7591 | ШИШКАНОВА | ХЕДА | РАМАЗАНОВНА | 18.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7592 | МАДИАРОВА | ЛЯЗЗАТ | СЕРИКОВНА | 18.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7593 | УТЕБАЕВА | ГУЛЬЗАТ | ТУРДАЛИЕВНА | 18.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7594 | АХМЕТОВА | АЙСУЛУ | БУЛАТОВНА | 18.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7595 | ЕСМУХАНОВА | КАЛАМКАС | МАРДЕНОВНА | 18.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7596 | АЛМАТОВА | ГУЛЬМИРА | ФАРРУХОВНА | 18.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7597 | ТАБЫНБАЕВ | КАНАТ | ДУЙСЕНБАЕВИЧ | 18.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7598 | АЙТКЕНОВА | ДИНАРА | БАЛЫКБАЕВНА | 18.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7599 | АМАНГЕЛЬДЫ | РАУШАН | БОЛАТОВНА | 19.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7600 | КУДАЙБЕРГЕНОВА | МАХАББАТ | САРСЕНБЕКОВНА | 19.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7601 | КУШЕНОВА | ГУЛЬБАРАМ | СУЛЕЙМЕНОВНА | 19.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7602 | УСЕНОВА | ГУЛБАРШЫН | МУХАМЕТЖАНОВНА | 19.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7603 | ДОЩАНОВА | ЛЮДМИЛА | АЛЕКСЕЕВНА | 19.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7604 | КАРАМЗИНА | НАТАЛЬЯ | МИХАЙЛОВНА | 19.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7605 | СЕРДЮКОВА | ИРИНА | ВИКТОРОВНА | 19.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7606 | АБДАЛОВА | БАЯН | БЕЙСЕНБАЕВНА | 19.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7607 | ТКАЧЕВА | СВЕТЛАНА | БОРИСОВНА | 20.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7608 | АУБЕКОВА | ДАРИХА | БАХОВНА | 20.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7609 | РАМАНКУЛОВА | АЙНУР | БАХЫТОВНА | 20.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7610 | КОЗЛОВА | ВЕРОНИКА | ГЕННАДЬЕВНА | 20.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7611 | ДУСКЕЕВА | МАНШУК | САИНОВНА | 20.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7612 | КАДЫРОВА | РАХАТ | САЙЛАУОВНА | 21.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7613 | ПАДАЛКО | САНИЯМ | КУРБАНОВНА | 21.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7614 | МУСАТАЕВА | АСЕМ | БОЛАТБЕКОВНА | 21.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7615 | СУЛЕЙМАНОВА | МАРВАН | МАКЖАНОВНА | 21.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7616 | МЕРГЕНОВА | АЛМА | ГАБДУЛОВНА | 21.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7617 | САПИЕВА | ДАРЖАН | МУРАТОВНА | 21.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7618 | РОМАЗАНОВА | ГУЛЬДЕН | ТОРЕХАНОВНА | 21.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7619 | БУХОНИНА | ТАТЬЯНА | АНАТОЛЬЕВНА | 21.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7620 | РАМАЗАНОВА | ЖАНАР | ЗЕЙНОЛЛОВНА | 21.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7621 | КЕНЖЕХАНОВА | РАЙХАН | ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ | 21.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7622 | ТАСКУМБАЕВА | РАУШАН | КЕНЖЕБАЕВНА | 21.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7623 | РАЖАПОВ | МАГАМЕД | РАМЗАНОВИЧ | 22.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7624 | ИМАНБЕКОВА | АНАР | ТЛЕУЖАНОВНА | 22.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7625 | ТУЛЕГЕНОВА | ГУЛЬМИРА | ЕРКИМБЕКОВНА | 22.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7626 | АБДРАЙМОВА | ЖАННА | СЕРИКОВНА | 22.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7627 | ЖИДЕКУЛОВА | УЛДИКИЗ | ЕГЕНОВНА | 22.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7628 | БАЙТАСОВА | ЖАНАР | КАДИДИЛЛАЕВНА | 22.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7629 | ТЕМИРОВ | ЕРЕЖЕФ | АКТАЕВИЧ | 23.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7630 | ЖАРКЕНОВА | АЛИЯ | МЕЙРАМОВНА | 23.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7631 | КЕНЖЕТАЕВА | ДИНАРА | КАЙРАТОВНА | 23.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7632 | БАЙЛИНА | АЙГЕРИМ | МЕЙРАМОВНА | 25.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7633 | БОПАН | СҮЙІНІШ | ЕРМЕКҰЛЫ | 25.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7634 | САТЫБАЛДИЕВА | ЖАНАР | АЙДАРОВНА | 25.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7635 | КЕНЖЕБЕКОВА | РАНО | ИСМАТИЛЛАЕВНА | 25.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7636 | КАБДУЛОВА | МЕРУЕРТ | КАБДЕНОВНА | 25.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7637 | АМАНЖОЛОВ | КАСЫМ | ЖАНЫСБАЕВИЧ | 25.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7638 | МУСАЕВА | ГУЛЬМИРА | ЖАЗЫБЕКОВНА | 25.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7639 | НУРАЛОВ | ЕЛУБАЙ | РАМАЗАНОВИЧ | 25.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7640 | НУРАЛОВА | НУРСУЛУ | РАМАЗАНОВНА | 25.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7641 | ТЫНЫБАЕВ | ЖАН | ТУМАБЕКОВИЧ | 26.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7642 | БАЛТЫРЕКОВА | АЙГУЛЬ | ЧЕНЗАХОВНА | 26.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7643 | КАРАУЛОВ | СЕЙТХАН | КАЛМУХАНБЕТОВИЧ | 26.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7644 | ПОТЁМИНА | МИННУРА | СУЛЕЙМАНОВНА | 26.11.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7645 | МУХАМЕДЖАНОВА | АЛЬФИЯ | АДЫЛБЕКОВНА | 26.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7646 | ЖОЛДАСБАЕВА | РОЗА | РАЗАКОВНА | 27.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7647 | ЧЕСНЯКОВ | ВЛАДИМИР | ВЛАДИМИРОВИЧ | 27.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7648 | КОКАНОВА | АСЫЛ | УЗАКБАЕВНА | 27.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7649 | ТАШМУКАНОВА | ЖАННА | НАЗЫМБЕКОВНА | 27.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7650 | ОЛЖАБАЕВА | АСЕЛЬ | МУХИТОВНА | 27.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7651 | БЕКМАГАНБЕТОВ | ТАБИГАТ | КУАТУЛЫ | 27.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7652 | АЛЯУОВА | АЙНАГУЛЬ | АМАНГЕЛЬДИЕВНА | 27.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7653 | ГЫМЫҢТАЙ | ДІЛНҮР | | 27.11.2013 | Оралмандар |
| 7654 | БАЛМАГАМБЕТОВА | АСЕЛ | НАСИБОЛЛИЕВНА | 27.11.2013 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 7655 | АЛЕНОВА | ЭЛЬВИРА | КАИРЖАНОВНА | 28.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7656 | ТАЖИБАЕВА | КУНДЫЗ | ШАЛАБАЕВНА | 28.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7657 | ТУРЧУК | НАТАЛЬЯ | СЕРГЕЕВНА | 28.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7658 | РЕКК | ОЛЬГА | ВИКТОРОВНА | 28.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7659 | КАРИНА | АЙНАГУЛЬ | АМАНЖОЛОВНА | 28.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7660 | АБРАЕВА | ДИНАРА | ШАЙЗАДИНОВНА | 28.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7661 | ШАМШИДЕНОВА | САЛТАНАТ | МУХАМЕДГАЛИЕВНА | 28.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7662 | АЙТКУЛОВА | АКШОЛПАН | САКЕНКЫЗЫ | 29.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7663 | УТЕБАЕВА | АЙНУР | САРСЕНБЕКОВНА | 29.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7664 | КУДАЙБЕРГЕНОВА | МАЛИКЕ | ЖАМАЛХАНОВНА | 29.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7665 | СЫДЫКОВА | ГУЛИНАТ | АМАНГЕЛЬДИНОВНА | 29.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7666 | ТЕМИРГАЛИЕВА | ЖАНАР | АЙДАРХАНОВНА | 29.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7667 | МАХАНБЕТИЯРОВА | АЙНУР | ХАЗИХАНОВНА | 30.11.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7668 | ВЫСОЦКАЯ | ОЛЬГА | ФЕДОРОВНА | 30.11.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7669 | САБИРОВ | ЖОЛДАСБЕК | ТУЛЕБАЕВИЧ | 03.12.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7670 | ЖАРМАГАМБЕТОВ | БУГУМБАЙ | КАБДУАЛИЕВИЧ | 03.12.2013 | Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар |
| 7671 | ДУМАНҚЫЗЫ | ДЖАНЕЛИЯ | | 03.12.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7672 | КАПАНОВА | БИБИТГУЛЬ | МУСАЕВНА | 03.12.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7673 | БЕГАЛИНОВ | КАИРБЕК | САМАШҰЛЫ | 03.12.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7674 | КАЛИЕВА | ЖАНЫЛ | БАХИТЖАНОВНА | 03.12.2013 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 7675 | АМИРБЕКОВА | БИБИМАРИЯ | САДЫХАНОВНА | 03.12.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7676 | АЛДИЯРОВА | ЭЛЬВИРА | ЕСЕНГЕЛЬДИЕВНА | 03.12.2013 | Толық емес отбасылар |
| 7677 | МАЙТКАНОВ | ОНДАШ | | 03.12.2013 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7678 | НУРЛЫБЕКОВА | АЙНУР | ТЕМИРХАНОВНА | 03.12.2013 | Толық емес отбасылар |
